



Дархан САТЫБАЛДЫ,
Алматы қаласының әкімі:

БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛҒАН АЛМАТЫ

Алматының әр көшесінде тарихтың ізі, әр төбесінде дәуірдің табы, әр абуында ұлттың тағдыры жатыр. Мыңжылдықтар қойнауынан тамыр тартқан бұл шаһар талай өркениеттің керуенін көрді, талай заманның үнін естіді. Бір кездері Ұлы Жібек жолының бойында Шығыс пен Батысты жалғаған қала болса, кейін қазақтың руханияты мен ғылымының, әдебиеті мен өнерінің өрісін кеңейткен мәдени ортаға айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Алматы – егемендігіміздің алтын бесігі. Сонымен бірге, еліміздің рухани, ғылыми және экономикалық орталығы» деген сөзі – қаланың тарихтағы маңызын ғана емес, оның ел болашағындағы орнын да айқындайды. Алматы бүгінде жаңа дәуірдің табалдырығында тұр.

Әлем өзгеріп жатыр. Экономиканың табиғаты, технологияның қарқыны, адамдардың өмір сүру салты, қалалардың бір-бірімен бәсекелесу тәсілі түбегейлі жаңарды. XXI ғасырды қалалар ғасыры деп атайды. Бүгінде елдердің ғана емес, қалалардың да бәсекеге қабілеттілігі олардың экономикалық қуатымен, адами капита-

лымен, технологиялық дамуымен және өмір сүру сапасымен өлшенеді.

Осы тұрғыдан алғанда, Алматы XXI ғасырда Орталық Азиядағы жетекші қалалардың бірі ғана емес, өңірдегі қалалар арасындағы көшбасшылық позициясын нығайтып келе жатқан, басқа қалаларға үлгі болатын мегаполис. Олай болса, Алматының алдында тұрған міндет те айқындала түседі. Бізге жәй ғана өсіп келе жатқан мегаполис емес, өзгерістерді қалыптастыра алатын қала керек. Бізге инвестиция тартатын ғана емес, инвестицияға жаңа мүмкіндік жасайтын; технологияны тұтылатын ғана емес, оны өндіретін; талантты сырттан іздейтін ғана емес, таланттың өзіне жол ашатын Алматы қажет.

Осының өзі қаланы басқарудың да, дамытудың да бұрынғы өлшемдеріне қайта қарауды талап етеді. Нағыз даму – қаланың көлемін емес, оның өмір сүру сапасын арттыру.

Сондықтан бүгін Алматы алдында тұрған ең басты сұрақ – «қаланы қалай үлкейтіміз?» деген сұрақ емес, «Келешек ұрпаққа қандай қала қалдырамыз?» деген сауал. Бұл сауалдың салмағы ауыр. Өйткені, Алматының экономикалық қуаты, ғылыми әлеуеті, мәдени ықпалы, туристік тартымдылығы мен технологиялық мүмкіндігі тұтас Қазақстанның даму бағытына әсер етеді. Сондықтан біздің ұстанымымыз қарапайым: біз Алматының мәселелерін жақсы білеміз. Көлік кептелісін де, инженерлік желілердің тозуын да, ауа сапасына қатысты мәселелерді де, мектеп пен балабақшаға деген сұраныстың артып келе жатқанын да, қоғамдық кеңістіктерге түсетін жүктемені де көріп отырмыз. Ең маңыздысы – бұл мәселелердің әрқайсысы бойынша нақты шешімдер іске асырылып жатыр. Біздің міндет – проблеманы жүйелі түрде шешу.

Қазір әлем қалалары сапалық трансформацияның жаңа кезеңіне қадам басты. Қай шаһар адамға мүмкіндік бере алады? Қай жерде жаңа идеяға орын бар? Қай жерде кәсіпкер өз ісін еркін дамыта алады? Қай жерде бала сапалы білім алып, қарт адам қауіпсіз өмір сүре алады? Осындай сұрақтарға жауап бере алған қалалар ғана жаңа дәуірдің көшін бастайды. Бұл ретте инвестиция мен адам капиталының жолы да бір-бірімен тоғысады. Ал талант пен капитал тоғысқан жерде жаңа экономика, жаңа кәсіп, жаңа технология, жаңа мәдениет қалыптасады. Демек, қаланың ең басты капиталы – оның адамдары.

Алматының беделді халықаралық рейтингтерде жоғары орындардан көрінуі – кездейсоқтық емес. Оның артында қаланың экономикалық қуаты, адам капиталы, іскерлік ортасы, инвестициялық тартымдылығы мен өмір сүру әлеуеті секілді өзара сабақтас көптеген фактор бар.

(Жалғасы 2-4-беттерде).



БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛАҒАН

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Бүгінде экономикасының көлемі 72 миллиард АҚШ долларына жуықтайтын Алматы – Қазақстанның ең қуатты экономикалық орталығы. Қалада мыңдаған шетелдік компания мен әлемдік ірі корпорациялардың өңірлік кеңселері орналасқан. Қазақстанға тартылатын тікелей шетелдік инвестицияның 40 пайыздан астамы осы шаһарға тиесілі. Бұл – жәй ғана статистика емес.

Бұл – Алматыға деген халықаралық бизнестің сенімі. Қала еліміздегі жалпы өнімнің төрттен біріне жуығын өндірсе, мемлекеттік бюджет кірістерінің үштен бірі Алматының экономикалық белсенділігі есебінен қалыптасады. Алдағы жылдары бұл көрсеткіштердің арта түсуіне мүмкіндік мол. Ол үшін инвестицияға қолайлы орта қалыптастыру, жаңа өндірістер мен жоғары технологиялық секторларды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Алматының экономикалық әлеуетін түсінудің тағы бір маңызды өлшемі – жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнімнің 30 мың АҚШ долларынан асуы. Бұл көрсеткіш қаланың тек өндірістік немесе қаржылық орталық қана емес, ауқымды тұтыну нарығы қалыптасқан мегаполис екенін де аңғартады. Тұрғындардың сатып алу қабілетінің жоғарылығы, белсенді бизнес орта және халықаралық стандарттарға сұраныс Алматыны әлемдік брендтер үшін де тартымды нарыққа айналдырып отыр.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әр қаланың даму моделі оның табиғи, экономикалық және адами артықшылықтарына негізделеді. Лондон қаржы орталығы, Сингапур логистика мен технологияның, Дубай туризм мен халықаралық бизнестің жаһандық хабы ретінде танылса, Алматы да экономика, білім, ғылым, мәдениет пен туризм тоғысқан Орталық Азиядағы ірі мегаполис ретінде өзінің бірегей даму моделін қалыптастырып келеді. Бұл – Алматының өңірдегі бәсекелік артықшылығын нығайтатын маңызды негіз.

Бірақ экономикалық қуаттың екінші қыры бар. Қала байыған сайын оның алдындағы жауапкершілік те арта түседі. Өйткені, Алматының экономикалық өсімі оның көшелеріндегі қозғалыстан, тұрғын үй нарығынан, инженерлік желілерден, ауа сапасынан, қоғамдық кеңістіктерден, адамның күнделікті өмірінен көрінуі керек. Бұл жағынан алғанда, қаламыз әлемнің ірі мегаполистеріне ортақ күрделі кезеңді бастан өткеріп отыр. Урбанизацияның қарқыны тұрғын үйге деген сұранысты арттырды. Көлік жүйесіне түсетін салмақ көбейді. Инженерлік инфрақұрылымның мүмкіндігіне қойылатын талап күшейді. Қала халқы өскен сайын мектепке, балабақшаға, медицинаға, қоғамдық

көлікке, саябақ пен демалыс орындарына деген қажеттілік те арта түсті. Яғни қаланың экономикасы инфрақұрылымынан жылдам өссе, оның игілігі тұрғынның өміріне толық жете қоймайды. Бұл – Алматы үшін ғана емес, әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан барлық мегаполиске ортақ сын. Қазір қалада қолға алынып жатқан жүйелі жобалардың негізгі мақсаты да осында.

Инфрақұрылымды жаңарту, көлік жүйесін жаңғырту, тұрғын үй мәселесін реттеу, инженерлік желілердің қуатын арттыру, экологиялық ахуалды жақсарту, қауіпсіздікті күшейту, осының бәрі экономикалық өсімнің сапасын арттыруға бағытталған. Демек, оның нәтижесі адамның тұрмысынан көрінуі керек. «Байлық – қолға ұстағаның емес, елге тигізген пайдаң» деген қазақтың халық даналығы осы жерде ерекше мәнге ие.

Қала – адам қолымен жасалған жасанды экожүйе. Бірақ Алматының табиғаты бұл қағиданы өз заңдылығымен толықтырып тұрғандай. Өйткені, бұл шаһардың қайталанбас болмысы тек сәулеті мен экономикасында емес, табиғат пен урбанистиканың сирек үйлесімінде жатыр. Әлемде тауы мен қаласы осыншалық жақын орналасқан, табиғи ландшафты күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналған мегаполистер көп емес.

Бұл – оның стратегиялық капиталы. Өңірде Алматыға тең келетін отандық немесе шетелдік мегаполис-бәсекелестің бол-

мауы қаланың Орталық Азиядағы ірі көлік және транзиттік хабтардың біріне айналуына мүмкіндік береді. Демек, ежелгі керуен жолының географиясы қазіргі заманның логистикасымен қайта үндесуі қажет.

Алматының оңтүстігіндегі тау бөктерлері әзірге толық ашылмаған әлеуетке ие. Егер тау кластерінің мүмкіндігі толық әрі ұқыпты пайдаланылса, Алматы әлемдегі төрт маусымдық тау туризмінің ірі орталықтарының біріне айнала алады. Бұл бағыттағы ең ауқымды жобалардың бірі – Алматы тау кластерін дамыту. Оның аясында Шымбұлақ, Кимасар және Бутаковканы, ал болашақта «Пионер», Оі-Qағадәі және басқа да туристік нысандарды біріктіретін біртұтас тау жүйесін қалыптастыру жоспарлануда. Кластер жыл бойы жұмыс істейтін болады: қыста – тау шаңғысы трассалары мен қысқы демалыстың басқа да түрлері, жазда – жаяу және велосипед бағыттары, серуендеу аймақтары, отбасылық және белсенді демалыс ұсынылады. Басқаша айтқанда, тау туризмі маусымдық форматтан арылып, жыл бойы жұмыс істейтін экономикалық экожүйеге айналуға тиіс.

Алматыға келетін туристер санының өзі бұл әлеуеттің ауқымын аңғартады. 2025 жылы қалаға шамамен, 2,5 миллион турист келіп, оның 750 мыңнан астамын шетелдік қонақтар құрады. Бірақ бұл – Алматының мүмкіндігінің шегі емес. Алдағы міндет – турист санын жәй көбейту емес, Алматыда қалатын уақытын, алатын әсерін және экономикаға қосатын үлесін арттыру. Жоспарланған жобалар жүзеге асқан жағдайда, 2030 жылға қарай шетелдік туристер санын 1,7 миллионға, ал 2050 жылға қарай 4 миллионға дейін жеткізу көзделіп отыр. Бұл ту-

тарихи сәулет нысандары мен қаланың әр дәуірден жеткен мәдени қабаттарын өзара байланыстыратын тұтас тарихи-туристік кеңістік қалыптастыруға болады.

Алматы халқының қарқынды өсуі алдымызға жаңа әрі күрделі міндеттер қойып отыр. Қала кеңейіп, жаңа тұрғын үйлер бой көтерген сайын қоғамдық кеңістіктерге түсетін салмақ та артып келеді. Кезінде жеке үйлер мен шағын коттеджді қалашықтар орналасқан аумақтардың орнына көпқабатты тұрғын үйлердің келуі – урбанизацияның заңды үдерісі. Бірақ жаңарудың өз заңы болуы керек.

Реновация – ескі ғимараттардың орнына жаңа ғимараттар тұрғызу ғана емес, ол қаланың тарихи жадын, сәулеттік ерекшелігін табиғи ортасын және адамның өмір сүру сапасын қатар сақтайтын күрделі процесс. Сондықтан Алматының Бас қоспарын іске асыру аясында Placemaking, яғни «Қолайлы қоғамдық орта қалыптастыру» қағидатына негізделген кешенді даму тәсіліне басымдық беріледі. Бұл тәсілдің мәні қарапайым болғанымен, мағынасы терең: тұрғын үйді ғана емес, адам өмір сүретін ортаны тұтас жобалау. Жаңа аудан бой көтерсе, оның жанында кеңсе де, дүкен де, мектеп пен балабақша да, емхана мен саябақ та қатар қарастырылуы керек. Қоғамдық көлік, инженерлік желілер, жаяу жүргінші жолдары мен демалыс орындары бір-бірінен бөлек емес, біртұтас қалалық жүйе ретінде жоспарлануға тиіс. Өйткені, адамға үйдің өзі ғана жеткіліксіз. Оған үйінен жұмысына, баласының мектебіне, саябаққа, дүкенге, емханаға қауіпсіз әрі ыңғайлы жететін орта қажет.

Жақсы қала – адамның күнделікті уақытын үнемдейтін қала. Осы қағида көшелерді

жаңғырту жұмыстарына да енгізілуде. Алматы біртіндеп жөндеудің «Қасбеттен қасбетке дейін» қағидатына көшіп келеді. Яғни көшенің тек жолын жөндеп қоюмен шектелмей, оның тротуары, жарықтандырылуы, көгалдандырылуы, ғимарат қасбеттері мен шағын сәулет нысандары да біртұтас жоба аясында жаңартылады. Мұның мақсаты – көшені сырттай көріктендіру ғана емес. Бұл – адамға кедергісіз, қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру. Көшенің әрбір элементі бір-бірімен үйлескенде ғана қала кеңістігі өзінің тұтастығын табады.

Ал Алматының келешек келбетін инженерлік инфрақұрылымның өзі де айқындайды. Кезек-кезекінен инженерлік желілерді жер астына көшіру – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі. Электр желілері, газ құбырлары мен өзге де коммуникациялардың жер астына орналасуы қаланың көркін ғана емес, инженерлік жүйелердің қауіпсіздігі мен сенімділігін де арттырады. Көзге көрінбейтін инфрақұрылым – қаланың көрінетін сапасының негізі.

Бұл ретте «Ашық кеңістік» тұжырымдамасы аясындағы шешімдер Алматының заманауи қалалық ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қала кеңістігі неғұрлым жұмсақ, қауіпсіз әрі реттелген болған сайын, оның тұрғынға берер жайлылығы да арта түседі. Осы тұрғыдан алғанда, Сайран көлін жаңғырту мен Республика алаңының солтүстік бөлігін қайта жаңарту жобалары қоғамдық кеңістікті жаңа сапаға көтерудің маңызды үлгілеріне айнала алады. Шынында да, қазіргі урбанистикада жасыл аумаққа деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Саябақ пен бақ енді жәй ғана демалатын орын емес. Ол – қаланың табиғи тепе-теңдігін сақтайтын тірі жүйе.

Алматы үшін судың да орны ерекше. Таудан аққан мөлдір бұлақтар мен арықтар жүйесі шаһардың тарихи болмысының бір бөлігі. Ендігі міндет – жауын-шашын мен қар суын да тиімді пайдаланып, оны қаланың экологиялық жүйесіне қайта қосу. Осы мақсатта «Қала-Сорғыш» тұжырымдамасы маңызды мүмкіндік береді. Оның тұжырымдамасын қытайлық ландшафт сәулетшісі Конгцзянь Юэ дамытуымен әлемге кеңінен танылды. Қытай мен Еуропаның бірқатар қалаларында қолданылып жүрген бұл тәсіл жауын-шашын мен еріген қар суын табиғи жолмен басқаруға негізделеді. Бұл – климат жаһандық деңгейде өзгеріп, су ресурстарының маңызы артып келе жатқан кезеңде аса маңызды ұстаным. Алатау ауданындағы Бент көлдері аумағында келешекте жүзеге асырылатын пилоттық жоба осы тәсілдің алғашқы қадамдарының бірі болмақ. Тәжірибе нәтижелі болса, мұндай шешімді қаланың басқа бөліктеріне де кеңейтуге мүмкіндік бар.



Қазіргі Алматы ұзақ уақыт бойы бір орталыққа тартылған қала ретінде қалыптасты. Қаланың негізгі іскерлік, әкімшілік, мәдени және әлеуметтік өмірі орталыққа шоғырланып, тұрғындардың күнделікті қозғалысының басым бөлігі де осы бағытқа тәуелді болды. Бірақ мегаполис өскен сайын мұндай модельдің мүмкіндігі де шектеле түседі. Қала үлкейген сайын бір орталыққа түсетін салмақ артады, ал онымен бірге жолдағы уақыт, көлік кептелісі, инфрақұрылымға түсетін жүктеме де көбейеді. Сондықтан Алматының келесі даму кезеңі бір орталықтан бірнеше мүмкіндікке көшу кезеңі болуға тиіс.

Біз қаланы өзара байланысқан бірнеше полицентрден тұратын кемелді мегаполиске айналдыруымыз керек. Әрбір негізгі орталықтың өз жұмыс орындары, университеттері, медициналық және мәдени нысандары, бизнес орталықтары, сауда және демалыс орындары қалыптасуы қажет. Сонда тұрғын үшін қаланың барлық мүмкіндігі бір ғана нүктеде шоғырланбайды. Адам өз үйіне жақын жерде жұмыс істеп, білім алып, ем қабылдап, демалып, қажетті қызметтерін пайдалана алады. Бұл – көлік кептелісін азайтудың ғана жолы емес, қаланың экономикалық қуатын кеңістікте теңгерудің тәсілі.

Полицентрлік модель қаланың әр бөлігін өзіндік экономикалық және қоғамдық өмірі бар дербес орталыққа айналдырады. Бір жерде жаңа өндірістер пайда болса, екінші жерде білім мен ғылым шоғырланады, үшінші аумақта мәдениет пен шығармашылық индустрия дами. Ал орталық барлығы бірыңғай көлік және инженерлік жүйе арқылы өзара байланысады. 2030 жылға дейін «Шығыс қақпасы» және Сайран



Train жүйесінің басты ерекшелігі – оның жол қозғалысына тәуелсіз, арнайы салынған эстакада бойымен қатынауы. Бұл көлік кептелістері мен бағдаршамдарға тәуелділікті азайтып, жолаушылардың жол жүру уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Алматының болашағы үшін стратегиялық маңызы бар мәселелердің бірі – тұрғын-

ашық жүйеден жабық жүйеге көшіру энергияны тиімді пайдалануға, жылу шығынын азайтуға және тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Жыл бойы күн сәулесі мол түсетін шаһар өз аумағындағы күн энергетикасының әлеуетін барынша пайдалануы керек.

Болашақта ғимараттардың шатырлары, автотұрақтар мен ашық алаңдар тек бос кеңістік болып қалмай, энергия өндіретін инфрақұрылымға айнала алады. Айтары жок, қала тұтынатын энергияның бір бөлігін өзі өндіретін жүйеге біртіндеп көшуі қажет. Мұндай инженерлік жаңғырту экологиялық саясатпен қатар жүруге тиіс. Алматы үшін бұл міндеттің ең өткір тұстарының бірі – ауа сапасы. Таза ауа мәселесі қала дамуының барлық кезеңінде басты назарда болуы керек.

Осы ретте ауаның ластануын қысқа мерзімде азайта алған әлемдік қалалардың тәжірибесін зерделеп, Алматы жағдайына бейімдеу маңызды. Баламалы энергия көздерін дамыту, электр көлігін кеңінен енгізу және оған қажетті зарядтау инфрақұрылымын қалыптастыру да – осы өзгерістің бір бөлігі. Электромобильдің өзі жеткіліксіз, оған қолайлы қоғамдық орта, қуаттандыру желісі және тұтас экожүйе қажет. Сондықтан Алматының инженерлік инфрақұрылымын жаңарту – қаланың табиғи ресурстармен қарым-қатынасын өзгерту, энергияны тұтыну мәдениетін жаңарту және экологиялық жауапкершілікті күшейту.

Таудың етегінде орналасқан мегаполис табиғи және техногендік қауіптердің алдын ала болжауы әрі күтпеген түрлеріне де дайын болуы керек. Сондықтан болашақ Алматы «Заң мен Тәртіп» қағидатына сүйенген, қауіпсіздігі жоғары әлемдік қалалардың біріне айналуға ұмтылуы тиіс. Бүгінде қаламыз қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа моделіне көшіп келеді. Оның өзегінде заманауи мониторинг жүйелері, жедел хабарлау технологиялары және төтенше жағдайларға ерте ден қою тетіктері тұр. Қауіптің алдын алу қатер болғаннан кейін әрекет етуден әлдеқайда тиімді.

Бұл қағида, әсіресе, құрылыс саласында шешуші мәнге ие. Құрылыс жобаларына қойылатын талаптар күшейтіліп, ғимарат-

тардың сейсмикалық төзімділігіне қатысты жаңа шешімдер енгізілуде. Құрылыс нормаларының сақталуы қатаң бақылауда болуы тиіс. Өйткені, Алматы үшін сейсмикалық қауіп – қаланың даму стратегиясында ескерілетін нақты фактор.

Дегенмен, атқарылар жұмыс әлі де ауқымды. Алдағы жылдары қаладағы барлық нысандарды кезең-кезеңімен тексеру, олардың техникалық және сейсмикалық жай-күйін бағалау, қажет болған жағдайда жаңғыртып, сейсмикалық тұрғыдан күшейту – негізгі міндеттердің бірі. Бұл бағыттағы жұмыстың ғылыми негізін күшейту де маңызды. Алматыда ашылған Қазақстан–Қытай бірлескен жер сілкінісін зерттеу орталығы соның айқын мысалы.

Мұнда екі елдің ғалымдары сейсмикалық үдерістерді бірлесіп зерттеп, жер сілкінісін бақылау, болжау және ерте ескерту технологияларын дамытуға күш салады. Ғылым мен технологияның міндеті – табиғи құбылысты тоқтату емес, оның адамға келтіретін залалын барынша азайту.

«Дамыған ел дегеніміз – ең алдымен дені сау, білімді және бақуатты жұрт» деген болатын Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Бұл сөздің астарында мемлекеттің де, қаланың да даму өлшемін айқындайтын маңызды қағида жатыр. Экономикалық өсімнің түпкі мәні – адамның өмір сапасын арттыру, оның өмірін ұзарту. Сондықтан Алматының ұзақ мерзімді тұрақты дамуы қаланы тұрғындары ұзақ қауіпсіз әрі жайлы өмір сүре алатын қалалық ортаны қалыптастыру міндетімен тікелей байланысты.

Бүгінде Алматының денсаулық сақтау жүйесіне түсетін жүктеме жоғары. Қалалық медициналық ұйымдарға жүгінетін әрбір төртінші пациент – Алматы тұрғыны емес. Бұл бір жағынан, шаһардың республикалық деңгейдегі медициналық орталық ретіндегі маңызын көрсетсе, екінші жағынан, денсаулық сақтау инфрақұрылымын тұрақты түрде кеңейтудің қажеттігін аңғартады. Сондықтан 2030 жылға дейін 32 жаңа медициналық нысан салып, қолданыстағы 14 медициналық мекемені жаңғырту арқылы саланың инфрақұрылымын кеңейту және жаңарту жұмыстары жалғаса береді.

Болашақ Алматыда профилактикалық медицина, ерте диагностика, цифрлық денсаулық сақтау, қолжетімді медициналық қызмет және салауатты өмір салты біртұтас жүйеге айналуы тиіс. Өйткені, нағыз өркениетті қала – адамға сапалы әрі толыққанды өмір сүруге жағдай жасайтын қала. Осы тұрғыдан алғанда, спорттық инфрақұрылымның халыққа қолжетімді болуы және бұқаралық спорттың жүйелі дамуы – Алматының өмір сүру сапасын арттырудың маңызды шарттарының бірі.

Қазір Алматыда ауаларда, саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерде орналасқан 2,4 мыңға жуық ашық спорт алаңы жұмыс істейді. Дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің жаңа желісі қалыптасып, қолданыстағы спорт инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұл қатарда қаланың символына айналған әлемге әйгілі «Медеу» спорт кешенінің де орны ерекше. Болашақта спорт инфрақұрылымы кәсіби спортшыларға ғана емес, әр жастағы қала тұрғынына қолжетімді болуы керек. Бала ауласынан спорт алаңын табуы, жасөспірімнің спорт секциясына еркін баруы, ересек адамның саябақта жүгіріп немесе велосипед тебуі салауатты қаланың күнделікті қалыпты көрінісіне айналуы қажет. Алматыда көп жылдан бері заманауи футбол стадионының қажеттілігі сезіліп келді. Енді бұл олқылықтың орны толмақ. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Шығыс қақпасы» полицентрінің аумағында 45 мың көрерменге арналған, UEFA Category 4 талаптарына толық сай келетін жаңа стадион бой көтереді. Бұл нысан тек футбол матчтарын өткізетін алаң болып қалыптауы тиіс. Ол халықаралық спорт жарыстарын, ірі мәдени іс-шараларды және ауқымды қоғамдық іс-шараларды қабылдайтын жаңа қалалық орталықтардың біріне айналмақ.

Алматының спорттық әлеуетін халықаралық жарыстар да жаңа деңгейге көтереді. 2029 жылы қала екінші мәрте Қысқы Азия ойындарын қабылдайды. Мұндай ауқымды дода Қазақстанның халықаралық беделін арттырумен бірге, спортты бұқара арасында кеңінен насихаттауға, жастарды белсенді өмір салтына тартуға және қаланың спорттық инфрақұрылымын одан әрі дамытуға серпін береді. Сондықтан халықаралық жарыстардың тиімділігін тек билет сатылымы, туристер саны немесе экономикалық табыспен өлшеу жеткіліксіз. Олардың ең үлкен мұрасы – жарыс аяқталғаннан кейін қала тұрғындарының өмірінде қалуы. Халықаралық жарыстың шынайы құндылығы осындай ұзақ мерзімді әсерінен көрінеді.

Қаланың болашағын бүгінгі ғимараттарынан емес, ертеңгі ұрпағының білімі, ой-

дарды сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету. Климаттың өзгеруі мен табиғи су қорларына түсетін салмақтың артуы бұл мәселені бүгіннен бастап шешуді талап етеді. Сарапшылар алдағы кезеңде өңірдегі су тапшылығының күрделене түсуі мүмкін екенін айтып келеді. Тіпті, қаланың негізгі су қорларының бірі саналатын таулы аймақтағы мұздықтардың едәуір бөлігінің еру қаупі туралы болжамдар бар.

Бұл – кейінге қалдыруға болмайтын мәселе. Су – жәй ғана коммуналдық ресурс емес, қаланың болашағын айқындайтын стратегиялық капитал. Сондықтан су инфрақұрылымын жаңғырту кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Осы бағытта «Ақсай», «Нұрлы Тау» және «Барлық» су тарту нысандарын іске қосу, сондай-ақ Талғар жерасты су көзінен тартылатын магистральдық су құбырларын жаңғырту маңызды қадам болмақ.

Алайда, мәселе жаңа су көздерін табумен ғана шектелмеуі керек. Болашақ Алматы суды көп пайдаланатын емес, суды ұқыпты пайдаланатын қалаға айналуы қажет. Бұл үшін ауыз суды өндірістік және шаруашылық мақсатта орынсыз пайдалануды шектеу, суды тазарту және қайта пайдалану жүйелерін кеңінен енгізу қажет. Қаланың әр тамшы судың құнын түсінетін жаңа мәдениетке көшуі – уақыт талабы.

Жылу жүйесі де осындай жаңаруды қажет етеді. Жылу желілерін кезең-кезеңімен



көлінің шығыс бөлігіндегі Almaty Downtown полицентрлерін қалыптастыру жоспарланған. Кейін бұл жүйеге Алматының «Батыс қақпасы», Оңтүстік-батыс және Солтүстік полицентрлері қосылады.

Мұндай өзгеріс тарихи орталықтың маңызын төмендетпейді. Керісінше, қаланың жаңа орталықтары пайда болған сайын, қазіргі орталық өзінің тарихи келбетін, мәдени салмағын және Алматының рухани өзегі ретіндегі бірегей рөлін сақтап қалуға мүмкіндік алады. Өйткені, тарихи орталықты шексіз кеңейту емес, оның құндылығын сақтау – өркениетті қаланың белгісі. Бұл модельдің басты ерекшелігі – әрбір полицентрдің Mixed-Use қағидаты бойынша дамуы. Бұл тұжырымдаманы француз-колумбиялық урбанист, профессор Карлос Морено ғылыми және практикалық тұрғыдан кеңінен дамытты.

Бұл дегеніңіз, тұрғын үй, жұмыс орны, қоғамдық кеңістік, сауда және қызмет көрсету нысандары, мектеп, балабақша, медицина, мәдениет пен демалыс орындары бір-бірінен алшақ орналаспайтынын білдіреді. Осының бәрін «15 минуттық қала» қағидаты біріктіреді. Адам күнделікті қажетінің басым бөлігін үйінен он бес минуттық жаяу жүріп жететін аумақтан таба алуы керек. Бұл жерде мәселе тек қашықтық туралы емес. Он бес минуттық қала – адамның уақытын өзіне қайтару туралы идея. Егер тұрғын жұмысқа, мектепке, емханаға немесе саябаққа жету үшін күн сайын ұзақ жол жүрмесе, оның өмірінде отбасына, баласына, денсаулығына, шығармашылығына және өз дамуына көбірек уақыт қалады.

Бұл бағыттағы маңызды жобалардың бірі – қоғамдық көліктің жаңа түрлерін, атап айтқанда, метро, ЛРТ және Sky Train жүйелерін кешенді түрде дамыту.

Бүгінде метро желісін батыс және шығыс бағыттарда дамыту жұмыстары жүргізілуде. Болашақта желіні «Барлық» көлік торабына дейін 5,3 шақырымға ұзарту және үш жаңа станция салу жоспарлануда. Ал шығыс бағытта «Жібек жолы» желісін әуежайға дейін жалғастыру көзделген. Бұл учаскенің ұзындығы шамамен, 14 шақырым болып, сегіз станцияны қамтиды.

ЛРТ – рельсті қоғамдық көліктің заманауи түрі. Оның алғашқы желісі ұзындығы 18,3 шақырымды құрап, Индустриялық аймақты Алматы-2 вокзалымен байланыстырады. Желіде шамамен, 34 аялдама қарастырылған. Болашақта ЛРТ жүйесін «Барлық» және «Шығыс» көлік тораптарымен байланыстыру жоспарлануда.

Сонымен қатар, Алматыда алғаш рет Sky Train – эстакада үстімен жүретін қоғамдық көлік жүйесін іске асыру жобасы қарастырылуда. Жалпы ұзындығы 42 шақырым болатын екі желіде 20 станция орналасады. Sky

БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛҒАН АЛМАТЫ

өрісі мен зияткерлік деңгейіне қарап бағалауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, Алматының ең үлкен артықшылықтарының бірі – оның білім мен ғылымның ірі орталығы болуы. Бүгінде қалада 36 жоғары оқу орны, еліміздегі ғылыми ұйымдардың үштен бірі және Қазақстан ғалымдарының 40 пайызы шоғырланған. Алматының QS Best Student Cities рейтингі бойынша әлемдегі студенттер үшін ең үздік 100 қаланың қатарына енуі де осы әлеуеттің халықаралық деңгейде мойындалғанын көрсетеді. Жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен және шетелден ондаған мың жас сапалы білім алу үшін Алматыға келеді. Бұл – қала үшін үлкен мүмкіндік ғана емес, жоғары жауапкершілік.

Алайда, демографиялық өсім мен ішкі көші-қон білім беру жүйесіне түсетін жүктемені жылдан-жылға арттырып келеді. Оқу орындарының тапшылығын азайту мақсатында биыл 8 жаңа мектеп іске қосылды, жыл соңына дейін тағы 2 мектептің ашылуы жоспарланған. Сонымен қатар, 2030 жылға дейін тағы 69 жаңа мектеп салу көзделген. Бірақ білім сапасын тек жаңа ғимараттардың санымен өлшеуге болмайды. Жаңа мектеп салу – мәселенің бір бөлігі.

Ең маңыздысы – сол мектептің ішінде қандай білім берілетіні. Сондықтан Алматының барлық білім беру ұйымдарында материалдық-техникалық базаға да, педагогикалық құрамға да бірыңғай жоғары талап қоятын «Алматы мектебі» моделі енгізілуде. Бұл бастама білім беру сапасындағы айырмашылықтарды азайтып, мектептер арасындағы жүктеменің теңгерімсіздігін шешуге мүмкіндік береді. Білімдік әділеттілік мүмкіндіктің теңдігінен басталады.

Осы бағытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы да Алматының білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге маңызды серпін беріп отыр. Бүгінде қалада «Келешек мектептері» жобасы аясында 34 800 орынға арналған 21 мектеп іске қосылды.

Алматы өзінің бар болмысымен ұлттық мәдени жадының сақтаушысына айналды. Бүгінде «мәдениет қаласы» ұғымын жаңа мазмұнмен толықтыру маңызды. Заманауи мәдени қала – тарихи мұраны сақтап қана қоймай, жаңа идеялар туып, шығармашылық таланттар ашылып, өнер, технологияның тоғысуына жол ашатын орта.

Алматының мәдени мұрасын сақтау – өткенге құрмет қана емес, болашаққа салынған инвестиция. Соңғы жылдары «Целинный» мен Almaty Museum of Arts сияқты заманауи мәдени жобалар қаланың жаңа мәдени ортасын қалыптастырып, шығармашылыққа жаңа серпін беруде. Мұндай нысандар қаланың мәдени инфрақұрылымын байытып қана қоймай, жаңа аудиторияны қалыптастырады, шығармашылық ортаға жаңа серпін береді. Қаланың дәстүрлі мәдени ошақтары да жаңғыру кезеңін бастан өткеруде.

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры мен Наталья Сац атындағы мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры, «Райымбек батыр» мемориалдық музей кешені жаңғыртылуда. Ал жақын арада Орталық Азиядағы тұңғыш халықаралық деңгейдегі балаларға арналған интерактивті ғылыми музей – Almaty Children’s Science Museum есігін айқара ашпақ.

Қуатты қала – болашақтың жаңа мәдениетін жасай алатын қала. Алматының басты міндеті де осы: өзінің тарихи жадын жоғалтпай, шығармашылық қуатын еселеп, мәдениетті қаланың экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды күшіне айналдыру. Дизайн, сән индустриясы, гейм-дев, музыка, кино өндірісі және басқа да шығармашылық салалар бүгінде әлемдік экономиканың маңызды драйверлерінің біріне айналып келеді.

Алматының бұл бағыттағы әлеуеті де айрықша. Қазір креативті салаларда 144 мыңға жуық алматылық маман еңбек етеді. Ал осы секторда 46 мыңнан астам шығын және орта бизнес субъектісінің жұмыс істеуі шығармашылықтың қала экономикасындағы нақты күшке айналып келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен, бұл әлеуеттің ауқымы әзірге толық ашылған жоқ. Креативті индустрияның Алматының жалпы өңірлік өніміндегі үлесі небәрі 2 пайызды құрайды. Салыстыру үшін айтсақ, Лондонда бұл көрсеткіш шамамен, 12 пайызға жетеді. Бұл айырмашылық – біздің әлсіздігімізден бұрын, әлі игерілмеген мүмкіндігіміздің көлемін көрсететін көрсеткіш.

Алматыда таланттар та, идеялар да, нарық та бар. Біздің міндет – осы үш күшті бір экожүйеге біріктіру. Бұл міндет жастар саясатымен де тікелей сабақтас. Өйткені, креа-



тивті экономиканың негізгі қозғаушы күші – жаңа идеялардан қорықпайтын, технологияны тез меңгеретін және жаңа трендтер мен жаһандық үрдістерді еркін меңгеретін, жаңа трендтер мен жаһандық үрдістерді еркін игеретін жас буын. Бүгін қалада «Жастар қатысатын бюджет» жобасы жүзеге асырылып келеді. Оның аясында жастар қаланы дамытуға қатысты өз жобаларын ұсынып, оларды жүзеге асыру үшін 500 мыңнан 5 млн. теңгеге дейін қаржылай қолдау ала алады. Бүгінгі еңбек нарығы адамнан теориялық біліммен қатар, нақты тәжірибені, технологиялық сауаттылықты және үнемі үйренуге дайын болуды талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, техникалық және кәсіптік білімнің маңызы артып келеді. Қалада телекоммуникация және машина жасау колледжінің жаңа оқу корпустары мен жатақханасы іске қосылды. Колледжде дуалды оқыту жүйесі енгізіліп, студенттердің теориялық білімін өндірістік тәжірибемен ұштастыруға жағдай жасалған. Бұл – білім мен еңбек нарығының арасындағы алшақтықты қысқартудың тиімді жолы.

Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы Алматының креативті орталық ретіндегі әлеуетіне тың өріс ашып отыр. Бұл – қаланың экономикалық және интеллектуалдық болмысын жаңаша қалыптастыруға мүмкіндік беретін тарихи кезең.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялап, алдымызға нақты міндеттер қойды. Еліміздің ұзақ мерзімді дамуына бағытталған бұл саясатты жүзеге асыруда Алматының рөлі ерекше. Өйткені, цифрлық экономикаға қажетті білім, ғылым, технология, талант және креативті ой секілді негізгі ресурстардың басым бөлігі дәл осы қалада тоғысқан.

Бұған мысал іздеп алысқа барудың қажеті жоқ. Қазақстандағы алғашқы «стартап-юникорн» – Higgsfield AI компаниясы дәл Алматыда 2023 жылы құрылды. 2026 жылдың қаңтарында компанияның нарықтық құны 1,3 миллиард АҚШ долларына бағаланса, бүгінде оның 5 миллиард долларлық бағалаумен жаңа инвестициялық кезеңге шығуға дайындалып жатқаны айтылып отыр. Мұндай жетістік – кездейсоқ құбылыс емес. Бұл – талантты тәрбиелейтін, жаңа идеяға мүмкіндік беретін және әлемнің түкпір-түкпірінен дарынды адамдарды тартуға қабілетті қалалық ортаның жемісі. Алматыда қазірдің өзінде жасанды интеллект пен жаңа технологияларды қалалық өмірге енгізу үдерісі жүріп жатыр. Алдағы онжылдықтарда ол қала басқаруының көп саласына енуі тиіс. Оның ең ауқымды көріністерінің бірі – Алматының цифрлық егізін (Digital Twin) қалыптастыру. Бұл технология қаланың цифрлық моделін жасап, оның болашақтағы дамуын әртүрлі сценарий бойынша алдын ала модельдеуге мүмкіндік береді.

Технологияның түпкі мақсаты – қаланы цифрландырудың өзі емес. Түпкі мақсат – адамның өмірін жеңілдету. Мемлекет басшысы ғылыми қауымдастықпен кездесуде: «Қазақстан Еуразиядағы ең ірі цифрлық хабтардың біріне айналуы тиіс. Оған еліміздің әлеуеті толық жетеді. Мақсатқа жету үшін жасанды интеллектіні барлық салаға жылдам енгізу қажет» деп атап көрсетті.



Бұл – Қазақстанның технологиялық болашағына қойылған биік меже. Бұл жерде Алматының жетекшілік рөлі де, жауапкершілігі де жоғары. Олай болса, біз тек жаңа технологияларды тұтынушы қала болмауымыз керек. Алматы технологияны қолданатын ғана емес, технология жасайтын қалаға айналуы тиіс. Ол үшін жасанды интеллект зертханалары, технологиялық стартаптар, ғылыми орталықтар, креативті хабтар мен венчурлық экожүйе бір-бірін толықтыратын орта қалыптастыруы қажет. Сонда университетте туған идея бизнеске, бизнестегі технология қала қызметіне, ал қаладағы тәжірибе жаңа ғылыми ізденіске айналып отырады.

Міне, нағыз инновациялық экожүйе осылай қалыптасады. Алматының білім, ғылым, мәдениет және өнердегі тарихи жетекші орнын жаңа технологиялармен ұштастыру қаланың жаңа экономикалық моделіне жол ашады. 2040 жылға қарай Алматының негізгі экспорттық тауары шикізат емес, білімге, технологияға және креативке негізделген өнімдер болуы тиіс. Оның ішінде жасанды интеллект шешімдері, цифрлық өнімдер, ойын индустриясы, кино және медиа контент, дизайн, музыка және басқа да креативті индустрия өнімдері әлемдік нарыққа шығуы керек. Бұл – Алматының әлемдік қалалар арасындағы орнын өзгертетін жаңа өркениеттік бағдар.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы – экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатқа ұқыпты қарауға және қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды жоба. Ауа бассейнін сауықтыру мақсатында өнеркәсіп кәсіпорындары мен техникалық байқау орталықтарына қойылатын талаптар күшейтіліп, қатты отынды пайдалануды кезек-кезеңімен шектеу, қоғамдық көлікті экологиялық стандарттарға көшіру және қоршаған ортаны қорғаудың жаңа тетіктерін енгізу жұмыстары жалғасуда. Алдағы жылдары ЖЭО-2 мен ЖЭО-3-тің газға көшуі жылу көздерінен бөлінетін зиянды шығарындыларды 90 пайыздан астам қысқартуға мүмкіндік береді. Бұл – ауа сапасын жақсартудағы маңызды қадам. Бірақ Алматының ауасын тек жылу энергетикасын жаңғырту арқылы тазарта алмаймыз. Өйткені, атмосфераға түсетін салмақтың едәуір бөлігі автокөлікке тиесілі. Сондықтан Алматыда LEZ жүйесін кезең-кезеңімен енгізу жұмыстары жүргізілуде. Қазір жоба қаланың орталық бөлігінде пилоттық режимде сынақтан өтіп, кейін ақылы жүйемен бірге кеңейтілуі көзделуде. Экологиялық талаптарға сәйкес келмейтін көліктердің санын азайтуға бағытталған бұл тәсіл әлемнің бірқатар қалаларында өзінің тиімділігін көрсетіп келеді. Алматы үшін де оның мәні – көлік қозғалысын шектеу ғана емес, қаланың ауа сапасына келетін зиянды әсерді азайту.

Сонымен қатар, экологиялық саясаттың тиімділігі тек технология мен инфрақұрылымға байланысты емес. Ең озық технологияның өзі экологиялық мәдениеті қалыптаспаған қоғамның орнын баса алмайды. Сондықтан инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртумен қатар, қала тұрғындарының экологиялық жауапкершілігін арттыру да аса маңызды. Экологиялық жауапкершілікті орнықтырудағы маңызды қадамдардың бірі – қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу. Бұған дейінгі талпыныстар қажетті инфрақұ-

рылымның жеткіліксіздігінен толық нәтиже бере қойған жоқ. Енді бұл мәселеге жүйелі әрі жан-жақты дайындықпен келу қажет. Қалдықты сұрыптау үшін алдымен тиісті контейнерлер мен логистика, одан кейін оны өңдейтін өндіріс, ең бастысы – тұрғынның сенімі мен тұрақты әдеті қажет. Бөлек жинау – бір контейнер қоюдан басталып, тұтас экологиялық мәдениет қалыптастыруға дейін жалғасатын процесс. Егер осы тізбектің әр буыны жұмыс істесе, қоқыс қалдық емес, қайта пайдаланылатын ресурсқа айналады. Ал қаланың өзі таза әрі тиімді бола түседі.

Алматы әлемдік мегаполистермен бәсекелесетін ғана емес, өзінің бірегей бағыты мен артықшылығын қалыптастыратын қала болуы керек. Алдағы жылдары жасанды интеллект, биотехнология, роботтандыру, финтех, цифрлық медицина және креативті индустрия Алматы экономикасының жаңа негізгі драйверлеріне айналады деп күтілуде. Лондон әлемдік қаржы орталығы ретінде, ал Кремний алқабы технологиялық инновациялардың жүрегі ретінде танылса, Алматы да білім, ғылым, технология және креативті индустриялардың әлеуетіне сүйені отырып, жаңа экономикадағы өз орнын айқындауға тиіс.

Бұл – жәй ғана экономикалық модельді өзгерту емес, қаланың интеллектуалдық бейнесін жаңарту. Сонда Алматының жалпы өңірлік өнімінің құрылымы да біртіндеп өзгереді. Өндіріс пен сауданың бүгінгі үлесі қысқарып, оның орнын жоғары интеллектуалдық секторлар – технология, ғылым, цифрлық өнімдер, креативті индустриялар мен инновациялық кәсіпкерлік баса бастайды.

Осы тұрғыдан алғанда, Алматының қазіргі даму бағытын тек инфрақұрылымдық жаңғырту деп қалбылда жеткіліксіз. Бұл – қаланың тарихи миссиясын жаңа дәуірдің талаптарына сай қайта пайымдау әрекеті. Бұл – қаланың экономикалық әлеуетіне, адам капиталына, географиялық артықшылықтарына, табиғи және мәдени ресурстарына, сондай-ақ бүгінгі өзгерістердің логикасына негізделген мақсат. Өмір сүру сапасы жоғары, қауіпсіз әрі жайлы қалалық орта қалыптасқан, жасанды интеллект пен жаңа технологияларға кең жол ашылған, жасампаз жаңа буынды баурай алатын, полицентрлі әрі экологиялық орнықты шаһардың арманы да соған сай биік болуы керек.

Бір сөзбен айтқанда, Алматы Қазақстанның ғана емес, Орталық Азияның инвестициялық қақпасына, туризм мен транзиттің қуатты хабына, білім мен ғылымның, технология мен шығармашылықтың аймақтық орталығына айналуға тиіс.

Тұрғындары ұзақ әрі сапалы өмір сүретін, «Заң мен Тәртіп» берік орныққан, экономикасы серпінді, ауасы таза, табиғаты қорғалған, қауіп-қатердің алдын алу мен қаланы басқару жаңа технологияларға сүйенген, әрбір тұрғыны өзін қауіпсіз әрі еркін сезінетін Алматы Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында сипатталған ізгі қоғам идеалының заманауи үлгісіне айнала алады.

Өйткені, өркениетті қаланың басты өлшемі – оның ғимараттарының биіктігі емес, адами құндылықтарының тереңдігі. Ежелгі өркениеттердің ізін сақтаған Алматы енді заманауи қалалардың көшбасшысына айналуға ұмтылуы заңды. Біз бұл жолды бастап кеттік. Ендігі міндет – басталған істі жүйелі түрде жалғастыру, әр жобаны ортақ стратегиямен ұштастыру және бүгінгі шешімдердің ертеңгі ұрпаққа қызмет етуін қамтамасыз ету. Алматының болашағы – біздің бүгінгі таңдауымыздан жасалатын келешек. Сондықтан Алматыны өзгерту дегеніміз – тек қаланы жаңарту емес. Бұл – адамның өмірін өзгерту. Оның уақытын үнемдеу. Мүмкіндігін кеңейту. Арманын жақындату.

Бізге жәй ғана үлкен Алматы емес, мүмкіндігі зор Алматы керек. Бізге биік ғимараттар ғана емес, биік адами құндылықтар керек. Бұл – Алматының болашағына апарар ең тура жол. Осы мақсатқа жетуде барша алматылықтардың ауызбіршілігі мен өзара татулығы айрықша маңызды. Өйткені, береке – тек тыныштық пен тұрмыс әл-ауқаты емес. Береке – ортақ іске әркімнің өз үлесін қосуы, бір-біріне қолдау көрсетуі және қала алдындағы жауапкершілікті бірге сезінуі.

Алматы – өткеннің мұрасын сақтап, бүгіннің мәселесін шешіп, ертеңнің мүмкіндігін қалыптастырып отырған қала. XXI ғасырдағы Алматының басты капиталы – оның жері де, ғимараты да емес, адамдары, білімі, мәдениеті, технологиясы және өз болашағына деген сенімі.

Алматы – Әділетті Қазақстанның қуатты, жасампаз әрі жауапты күші, заманауи қалалық ортаның үлгісі, өңірдегі жаңа мүмкіндіктердің орталығы.



ТАУ ТУРИЗМІ ТАБЫСҚА БАСТАЙДЫ

Достық үйінде Almaty SuperSki және Алматы тау кластерін дамыту жобалары талқыланды. Кездесуде инфрақұрылымды жаңғырту, көлік және су қауіпсіздігі, экология, тарихи-мәдени мұраны сақтау, жердің мәртебесі және жобаның қаржылық моделі жөнінде сауалдарға жауап берілді.

Заманауи инфрақұрылым

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов тау туризмінің дамуы қаладағы көлік пен инфрақұрылымға түсетін жүктемені басқаруды қажет ететінін айтты. Бұл ретте мақсат тек келушілер санын көбейту емес, туристік ағынды тиімді бөлу, кезек пен кептелісті азайту.

«Тұрғындар мен туристер қалаға келуді тоқтатпайды, көлік саны да өздігінен азаймайды. Сондықтан қалыптасқан инфрақұрылымға түсетін жүктемені азайтудың балама шешімдерін қарастыруымыз қажет. Тау туризмін дамыту қаланың экономикасын әртараптандыруға да ықпал етуі мүмкін. Жоба іске асқан жағдайда туризм, қонақүй, қоғамдық тамақтану және басқа да сабақтас салаларда 15 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылуы ықтимал», – деді Олжас Смағұлов.

Алматы тау кластерін дамыту жоспары қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртуға және бірнеше тау аймағын өзара байланыстыруға бағытталған. «Almaty Tau Management» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары Александр Руденконың мәліметінше, шаңғы трассаларының жалпы ұзындығын 151 шақырымға дейін жеткізу, ал 32 аспалы жолды орнатып, жаңғырту жоспарланып отыр. Жобаға Шымбұлақ, Бұтақты, Тұйықсу және Пионер бағыттары кіреді. Бұл аумақтардың бір бөлігі қазірдің өзінде туристік және спорттық мақсатта пайдаланылып келеді. Сондықтан компания өкілдері жобаның негізгі бағыты жаңа аумақтарды жаппай игеру емес, бар инфрақұрылымды жаңарту екенін атап өтті.

Жаңадан үйреніп жүргендер мен орта деңгейдегі шаңғышыларға арналған бағыттармен қатар, тәжірибелі спортшыларға арналған қызыл және қара жолдар да қарастырылған. Сонымен бірге, бірыңғай ski-pass жүйесін енгізу көзделген. Бұл келушілерге тау кластерінің әртүрлі аймағын бір билет арқылы пайдалануға мүмкіндік береді.

Almaty SuperSki курортының өткізу мүмкіндігі де қазіргі «Шымбұлақтан» жоғары болмақ. Жоба аясында 11 аспалы жол салу жоспарланып, олардың тәулігіне 10 мыңға дейін шаңғышы қабылдау мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, бір тау соқпағын қыркүйек айының соңына дейін ашу жоспарланған.

Тауға келушілер санының өсуі де жаңа инфрақұрылымға қажеттілікті көрсетіп отыр. Кейінгі алты жылда тауға келушілер саны 4,5 есе өсіп, жылына шамамен, 1 млн. адамға жеткен. 2026 жылы бұл көрсеткіш 1,5 млн.-нан асады деп күтілуде. Ал «Шымбұлақ» демалыс күндері мен туристік маусымның қызған кезінде 15 мыңға дейін адам қабылдайды, оның есептік сыйымдылығы шамамен 6,5 мың адам. Осыған байланысты алдағы екі-үш жылда тау курорттарының өткізу қабілетін тәулігіне 6 мыңнан 24 мың адамға дейін арттыру жоспарланған. Бұл туристік сұраныстың қазіргі инфрақұрылым мүмкіндігінен асып келе жатқанын көрсетеді.

Табиғатқа зияны тимейді

Жоба аясында әлеуметтік қолжетімділік мәселесіне де назар аударылған. Аспалы жолдарға жету жолдарын табиғи рельефке бейімдеу, күрделі өткелдер мен баспалдақтарды азайту арқылы қозғалысы шектеулі азаматтар-

ға және балалар арбасымен жүретін ата-аналарға қолайлы жағдай жасау жоспарланған.

Балалар мен жасөспірімдер спорты да жобаның бағыттарының бірі болмақ. «Kazakh Tourism Development» компаниясының бас директоры Ержан Еркінбаев спорт мектептері мен жаттығу мүмкіндіктерін тау кластерінің дамуымен байланыстыру жоспарланып отырғанын айтты.

Жоба аясында қауіпсіздік инфрақұрылымын күшейту де көзделіп отыр. Арнайы қызметтердің тауға жедел жетуіне мүмкіндік беретін жолдар мен басқа да нысандар қарастырылмақ.

Кездесуде жобаның табиғи ортаға әсері де кеңінен талқыланды. Олжас Смағұловтың айтуынша, Ұлттық парктің жалпы аумағы 200 мың гектардан асады, ал жоба қамтитын аумақ оның шамамен, 0,049 пайызды құрайды. Нысандар бекітілген мастер-жоспар мен құрылыс шекаралары аясында орналасуы тиіс. Жеке виллалар мен ретсіз тұрғын үй құрылысына жол берілмейтіні айтылды. Трассалар мен инфрақұрылым нысандарын орналастыру кезінде табиғи ландшафтты барынша сақтау және ағаштарды аз кесу қағидаты ұстанылмақ. Келтірілген әсердің орнын толтыру үшін өтемдік көгалдандыру жүргізіледі. Алғашқы ағаш отырғызу шарасын қазан айында өткізу жоспарланған.

Жоба аумағының биологиялық әртүрлілігі де арнайы зерттелген. Мамандар аумақты әртүрлі маусымда үш рет зерттеп, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне ықтимал әсерді бағалаған. Зерттеу нәтижесінде Қызыл кітапқа енген ағаш түрлерінің ешқайсысы құрылыс аумағына түспейтіні анықталған. Ал жобаға жақын аумақта кездесетін 13 Сиверс алмасы арнайы биркалармен белгіленіп, тұрақты бақылауға алынған. Оларды кесу немесе басқа жерге көшіру жоспарланбаған. Сиверс алмасы Қазақстанның Қызыл кітабына енген сирек өсімдік түріне жатады.

Жануарлар әлеміне әсерді бақылау үшін ғылыми институттар да жұмысқа тартылған. Қар барысы, Тянь-Шань қоңыр аюы және басқа да жануарлардың мекен ету аумақтары зерттеліп, тиісті ұсыныстар әзірленген. Жануарлардың қозғалысын бақылау үшін камералар мен басқа да технологиялар қолданылатыны айтылды.

30 жылдық тәжірибесі бар эколог Елена Коропоткина жобаны талқылау кезінде экологиялық мәселелердің ғылыми институттар мен мамандардың қатысуымен қарастырылып отырғанына назар аударды.



«Мұндай детальды экологиялық талқылауды бұрын көрген емеспін. Жобаның қоршаған ортаға әсері мұқият қарастырылып, ескертулер мен ұсыныстар пысықталып жатыр. Құрылыс кезеңінде қоғамдық мониторинг жүргізу де маңызды», – деді ол.

Әр қадам бақылауда

Таулы аумақта туристер санының артуы жабайы жануарларға әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты жануарлардың қозғалысын бақылау үшін камералар мен арнайы технологиялар қолданылатыны айтылды.

Ержан Еркінбаевтың айтуынша, мамандар кең аумақтағы жануарлардың қозғалысын камералар арқылы бақылайды. Сонымен қатар, барыстардың біріне ғарышқа сигнал жіберетін арнайы қарғыбау тағылған. Концерт, жарық, қатты дыбыс секілді жануарларға әсер етуі мүмкін факторлар да ғылыми мамандармен келісілуі тиіс.

«Алматы Су» кәсіпорнының бас инженері жаңа туристік нысандардың сумен қамту жүйесіне түсіретін ықтимал жүктемесіне қатысты сұрақ қойды. Ержан Еркінбаевтың айтуынша, су мәселесі ғылыми институт мамандарымен бірлесіп зерттеліп, түрлі ықтимал сценарийлер модельденген. Жоба барысында су ресурстарымен қатар топырақ тұрақтылығы мен ықтимал төтенше жағдайлар да ескерілуі тиіс.

Кездесуде сарапшыларды алаңдатқан тағы бір мәселе – жоба аумағындағы жердің құқықтық мәртебесі. Қоғам белсендісі Нұржан Жақыпов жобада қарастырылған учаскелердің болашақта жеке меншікке өтіп кетуіне қандай кепілдік барын сұрады. Ержан Еркінбаевтың айтуынша, қолданыстағы заңнамада ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамындағы жерлерді туристік нысандар салу мақсатында алып қою мүмкіндігі қарастырылмайды.

Жобаның экономикалық моделі де талқыланды. Алматы қаласы мәслихатының депутаты, кәсіпкер Асқар Қуандықұлы курорттың шығынсыздық нүктесі, туристер саны және болашақта бюджеттен субсидия қажет болуы мүмкін бе деген сауал қойды.

Ержан Еркінбаев жобаның өзін-өзі ақтауы негізгі талаптардың бірі екенін айтты.

«Жобаға салынған инвестицияны шамамен, 20 жыл ішінде қайтару көзделген. Тұрақты мемлекеттік субсидия беру жоспарланбаған. Бастапқы есеп бойынша курорт жылына шамамен, 1 млн. келушіге есептелген. Ұзақ мерзімді жоспарда бұл көрсеткішті 4 млн. келушіге дейін жеткізу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, шетелдік туристерді тарту жоспарланып отыр. Жоба авторлары қазақстандықтар үшін қолжетімділікті сақтай отырып, төлем қабілеті жоғары туристер есебінен инфрақұрылымды ұстау моделін қарастырады», – деді ол.

Айта кетейік, жоба аясында тарихи-мәдени мұра нысандарын сақтау үшін құрылысқа дейін археологиялық зерттеулер жүргізілген. Археология институты құрылыс аумағын зерттеп, тарихи нысандарды анықтаған. Қорғауға жататын нысандар бойынша тиісті құжаттар әзірленіп, қорғау аймақтары белгіленген.

Ал тұрғындар үшін жобаның келесі кезеңдеріндегі ашықтық пен нақты бақылау тетіктері маңызды болып қала бермек. Өйткені, тау инфрақұрылымын дамыту бүгінгі туристік сұраныспен қатар, Алматының табиғи және экономикалық әлеуетін ұзақ мерзімге пайдалану мәселесіне келіп тіреледі.

**Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ,
Дана САДЫРҚАН.**
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

Қала күніне орай тұңғыш рет Құйымдастырылған «Ажарлы Алматы» республикалық кәсіби суретшілер байқауының қорытындысы шықты. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Алматы галереясында ұйымдастырылып, оған мәдениет және өнер саласының жарқын өкілдері қатысты.

ҚЫЛҚАЛАММЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ҚАЛА

«Ажарлы Алматы» қала әкімдігінің қолдауымен және Музейлер бірлестігінің ұйымдастыруымен жүзеге асырылды. Салтанатты іс-шарада сөз сөйлеген Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы суретшілерді жеңісімен және Қала күнімен құттықтады.

«Бұл байқау Алматы қаласының әкімі Дархан Амангелдіұлы Сатыбалдының бастамасы және тапсырмасы бойынша ұйымдастырылды. Алматы әрдайым мәдениет пен өнердің орталығы болып келді. Қаламыздың сұлулығын, өзіндік келбеті мен тыныс-тіршілігін шығармаларына арқау етіп, бар шеберлігін көрсеткен суретшілерге алғыс айтамын. Баршаңызды Қала күнімен құттықтаймын!», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов.

Салтанатты іс-шарада ҚР Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Орынбасарұлы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері Күлжазира Жұмаділқызы мен Камилла Ли де лебізін білдірді.

Байқауға өтінімдер биылғы 7 тамыз – 7 қыркүйек аралығында қабылданған болатын. Осы кезеңде еліміздің түкпір-түкпірінен 168 туынды келіп түсті. Іріктеу

нәтижесінде екінші кезеңге 109 жұмыс өтті. Байқауға, жасына, ұлтына және тұрғылықты жеріне қарамастан, барлық кәсіби суретші қатысты. Жұмыстар өнер және мәдениет саласындағы кәсіби мамандардан, суретшілерден, өнертанушылардан және музей-галерея саласының жетекші мамандарынан құралған қазылар алқасының сараптауынан өтті.

Сонымен, «Алматы – қиял әлемі» туындысымен I орын иеленген Асқар Нұрболатқа 3 млн. теңгенің сертификаты табысталды. II орынды екі жеңімпаз, яғни Нұрлан Қилыбаев («Ару қала») пен Максим Ведерников («Бабье лето») иеленіп, әрқайсысы 2 млн. теңгенің сертификатын алды. Ал III орынның 1 млн. теңге ақшалай сыйлығы Жалғас Тілеуғабыл («После дождя, вечерний город») мен Құмар Омарханға («Алматының ақ таңы») бұйырды.

«Кез келген арман балалық шақтан қаланады. Менің үлкен қала тұрғызып жатқан, үлкен арманға қол созған үш жеткіншекті бейнелеген картинам жоғары бағаланыпты. Қуаныштымын. Бұл жұлде маған шабыт сыйлап, қанат бітірді», – дейді I-орын иегері Асқар Нұрболат.

Сонымен қатар, Қанат Шүкірбековке («Шеберхана терезесінен қыс көрінісі»), Дәуренбек Бекназаровқа («Колейдоскоп Алматы»), Светлана Цойға («Алматинский вайб»), Ақбота Әміроваға («Есіктер жабылады») және Мұхтар Бегеновке («Сквер Алматы. ГАТОБ им. Абая») 300 мың көлемінде ынталандыру сыйлықтары табысталды. Байқаудың жалпы жұлде қоры 10,5 миллион теңге.

Марапаттау рәсімінен кейін «Ажарлы Алматы» республикалық кәсіби суретшілер байқауында үздік деп танылған туындылар көрмесі ашылды. Алматы галереясына тұтас бір қала көшіп келгендей! Кенеп бетіне қона қалған өзімізге таныс көшелер, жасыл желек жамылған сәнді саябақтар, тау бөктеріндегі арайлы таң, кешкі мезгілдегі шаһар шамдары! Тіпті, алаңсыз ойнап жүрген бақытты балдырғандардың сыңғырлаған күлкісін де мың бояулы картиналардың бергі жағында тұрып сезінуге болады. Әр туындыдан сүйікті қаламызға деген терең сүйіспеншілік пен нәзік талғам айқын аңғарылады.

«Ажарлы Алматы» байқауының миссиясы орындалғандай. Қылқалам шеберлері қаланың тек сыртқы келбетін емес,



оның өзіне ғана тән жылы да әсем рухын ұстап қала білген. Ажарына ажар қосылған, сұлулығымен суретшілерді шабыттандырған Алматы – шын мәнінде өнердің мәңгілік мекені.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЭКОНОМИКА



Бірлескен жобаларға жол ашады

Алматыда өтіп жатқан «Қазақстан – Қытай» сауда-инвестициялық форумына көрші елдің көшбасшы компаниялары қатысуда. Қытайлық 20 компанияның өкілдері өз жобалары мен озық идеяларын ортаға салды.

Іс-шараға Чжэцзян провинциясындағы өндіріс өкілдері де қатынасып, қазақстандық кәсіпкерлерге жолықты, B2B форматында аса маңызды кездесулер өткізді.

Екі ел кәсіпкерлері тауар жеткізу, дистрибуция, өндірісті жергіліктендіру, бірлескен кәсіпорын құру, технологиялық әріптестік және жаңа нарықтарға адым ату сынды мәселелерін талқылады. Делегация құрамында цифрлық технология, жаңартылатын энергетика, машина жасау, құрылыс, биотехнология, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау және басқа да салаларда жұмыс істейтін компаниялар бар.

Мәселен, қытайлық компаниялардың бірі Алматыда тазалау роботтарына арналған сынақ және сервистік орталық ашып, жергілікті серіктестермен сату желісін құруды жоспарлап отыр.

Ал құрылыс және девелопмент саласындағы компаниялар болса Қазақстан мен Орталық Азия нарығына қадам басып, бірлескен жобаларды дамыту мүмкіндігін қарастырып жатырмыз деп мәлімдеді.

Іс-шарада «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясының Алматы қаласындағы өкілдігінің басшысы, өңірлік директор Арыстанбек Ақылбай шетелдік инвестицияны нақты өндірістік жобаларға айналдырудың маңызына тоқталды.

– Шетелдік компаниялар әуелі нарықты зерттеп, кейін өндірісті жергіліктендіруге қадам жасайды. Біздің мақсатымыз – осындай компаниялардың Қазақстанда өндіріс ашуына жағдай жасау. Инвестордың зауыт ашуы – тек капиталдың келуі емес. Оның артынан технология келеді, өндіріс мәдениеті қалыптасады, аймақтың өнертапқыштық әлеуеті мен кәсіби құзыреті артады, – деді ол.

Сарапшының айтуына қарағанда, жаңа өндірістердің пайдасы зор. Олар жаңа жұмыс орындарын ашып, салық түсімін көбейтеді және еліміздің экспорттық мүмкіндікті кеңейтеді. Сонымен бірге, жергілікті мамандар да жаңа технологияны жіті меңгеріп, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға аралайды.

Қазақстанда инвесторларға жобаның көлемі мен бағытына қарай түрлі мемлекеттік қолдау тетіктері қарастырылған. Kazakh Invest инвесторларды алғашқы кезеңнен бастап сүйемелдеп, өңірлердің әлеуеті, инфрақұрылым, инвестициялық келісімшарттар және мемлекеттік қолдау шаралары жөнінде ақпарат береді.

2025 жылдың қорытындысында Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда айналымы 48 млрд. доллардан асқан. Қазақстанға Қытайдан тартылған тікелей инвестиция көлемі 2,8 млрд. долларға жеткен.

Форумның негізгі мақсаты – сауда байланысын кеңейту, сондай-ақ өндірісті жергіліктендіру, технология тарту және жаңа бірлескен жобаларды іске асыруға жол ашу.

Дастан ҚАСТАЙ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТУРИЗМ



саласына салынған инвестиция көлемі шамамен, 2,8 есе артқаны байқалады.

Қаражаттың негізгі бөлігі жолаушыларды жерүсті және әуе көлігімен тасымалдауды, өнер, ойын-сауық және демалыс нысандарын, қонақүй инфрақұрылымын дамытуға, сондай-ақ автокөлікті жалға беру және лизинг қызметтеріне бағытталды.

Инвестиция көлемінің ең жоғары өсімі автокөлікті жалға беру және лизинг, жолаушылар тасымалы, өнер, ойын-сауық және демалыс бағыттарында байқалды. Бұл көрсеткіш Алматыда туризм индустриясының жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетеді. Қалада туристер үшін қолайлы жағдай жасалып, олардың Алматыда ұзақтау болуына мүмкіндік беретін заманауи туристік экокөйе қалыптасып келеді.

Жеті айда салынған 137,8 млрд. теңге бизнестің Алматының туристік әлеуетіне деген сенімінің айқын көрсеткіші. Сонымен қатар, бұл туризмнің қала экономикасын дамытудың болашағы зор бағыттарының біріне айналып келе жатқанын аңғартады.

Инвестициялық белсенділіктің сақталуы жаңа жобаларды жүзеге асыруға, заманауи туристік нысандардың көбеюіне және қалалық инфрақұрылымның сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Алматының Қазақстан мен Орталық Азиядағы жетекші туристік орталық ретіндегі позициясын одан әрі нығайтуға ықпал етеді.

Дана САДЫРҚАН.

Наурызбай ауданындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында жас педагогтер арасында өтетін дәстүрлі «Almaty Ustazy» қалалық байқауының финалы өтті.

Биыл алтыншы рет өткізіліп отырған байқауға Алматы қаласы әкімдігі мен Алматы қаласы Білім басқармасы тікелей қолдау білдірді. Осы уақыт аралығында байқауға 36 жасқа дейінгі 10 мыңнан астам жас педагог қатысты. Байқауға қатысуға 984 педагог өтінім берген. Бірінші кезеңде қатысушылар 11 пән бойынша тестілеуден өтіп, олардың жұмыстарын 33 сарапшы бағалады. Іріктеу қорытындысы бойынша, 71 педагог екінші кезеңге жолдама алды. Қатысушылар қаланың 6 мектебінде байқау сабақтарын өткізді.

Байқаудың қорытынды кезеңіне 11 үздік педагог қатысып, «Мен – көшбасшы мұғалім» атты авторлық жобаларын көпшілік алдында қорғады. Финалистер өздерінің білім беру тәжірибелерін ұсынып, «Ашық мінбер» алаңында сұрақтарға жауап берді.

Байқау қорытындысы бойынша М.Ганди атындағы №92 мамандандырылған лицейдің химия пәні мұғалімі Мықтыбек Тәңірберген Бақытжанұлы «Almaty Ustazy» қалалық байқауының Гран-при иегері атанды. Оған 5 миллион теңге кө-



«ALMATY USTAZY»

қалалық байқауының жеңімпаздары анықталды



лемінде ақшалай сыйлық табысталып, сондай-ақ халықаралық білім беру тағылымдамасына қатысу мүмкіндігі берілді. Сонымен қатар, шетелдік тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болған жеңімпаздардың да есімдері белгілі болды. Олардың қатарында А.Байтұрсынұлы атындағы №139 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Әмина Мұхамет, М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі Айбар Ермеқалиев, «Жаңа ғасыр» №175 гимназиясының физика пәні мұғалімі Шахноза Эркинова; №122 жалпы білім

беретін мектебінің география пәні мұғалімі Орынша Таңатарова; №53 мектеп-гимназиясының биология пәні мұғалімі Қырмызы Әзірбаева; №206 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәні мұғалімі Еркемай Әлімқазы бар.

Жалпы, «Almaty Ustazy» педагогтердің кәсіби дамуына, тәжірибе алмасуына, заманауи әдістемелер мен білім беру технологиясын меңгеруіне мүмкіндік беретін алаңға айналды. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Мұғалімдер күніне орай Республика сарайында өтеді.

Рая ЕСКЕНДІР.

Зерек жастар жарысты

Қала күніне орай ЖОО мен колледж студенттері арасында «IQ – ALA JASTARY» зияткерлік ойыны өтті. Сайыс Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Д.Сүлеев атындағы ғылыми-мәдениет орталығында ұйымдастырылды.

Зияткерлік сайысқа Алматы қаласының жоғары оқу орындары мен колледждерінен 100-ге жуық студент қатысты. Қатысушылар алты кезең бойынша бақ сынады: жалпы сұрақтар, «Mainstream», «2 сурет – 1 кітап», «Кино-музыка әлемі», «Қазақстан» және «Мың бояулы қала».

Ойын барысында қатысушылар тарихи деректерге, заманауи мәдениетке, кино мен музыкаға және логикаға қатысты сұрақтарға жауап берді. Әр кезең студенттердің білімін ғана емес, жылдам ойлау қабілетін де сынады. Сайыс қорытындысы бойынша, Жүргенов атындағы өнер академиясының «Art» тобы бірінші орын алды. Екінші орын «Хаус» тобына бұйырса, үшінші орынды KIMEP университетінің командасы иеленді.

Жеңімпаздарға диплом, гүл, сертификат және бағалы сыйлықтар табысталды. 1-орын алған команда теледидар, 2-орын иегерлері тоңазытқыш, 3-орын алған команда қысқатолқынды пеш алды. Бұдан бөлек, «Үздік ойыншы» атанған қатысушы арнайы сыйлықпен марапатталды. Сайысқа қатысқан барлық командаларға Алғыс хат берілді.

Іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі, «Бізбен бірге» қоғамдық ұйымының жобалық менеджері Ерлан Аманкелдіұлы жобаның мақсаты мен өту барысына тоқталды:

«IQ – ALA зияткерлік ойыны Алматы қаласының жоғары оқу орындары мен колледж студенттерінің арасында өтіп жатыр. Жобаның басты қолдаушысы – Алматы қаласының Жастар саясатының басқармасы. Бүгінгі сайыс қала күніне орай өтуде. IQ – ALA зияткерлік сайысы жалпы 5 кезеңнен тұрады. Төрт кезеңнің қорытындысындағы жеңімпаздар соңғы 5-кезеңде грант финалда кездеседі. Жобаның басты мақсаты – білімді, білікті жастарды қоғамдық іс-шараларға қатыстыру және санын көбейту. Осы жобада 20–25 шақты команда қатысады деп күтілсе де, қазір 35 команда сайысқа түсіп жатыр. Сонымен қатар, жастарға мотивация болсын деп түрлі бағалы сыйлықтар ұсынып жатырмыз», – деді ұйымдастырушы Ерлан Аманкелдіұлы.

Осындай зияткерлік сайыстар жастардың білімін шыңдап, ойлау қабілетін дамытуға және жаңа орта қалыптастыруға мүмкіндік берді. «IQ – ALA JASTARY» ойыны қатысушылардың білімін сынап қана қоймай, жастарды белсенді болуға ынталандырды.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Жаңа комьюнити-орталық



Әуезов ауданында жастардың шығармашылығы мен жаңа идеяларын қолдауға арналған комьюнити-орталық ашылды. Бұл – аудандағы екінші, Алматыдағы он екінші орталық. 400 шаршы метр аумақты алып жатқан кеңістікке бір мезетте 250–300 адам сыяды.

Жаңа орталықтың ашылуына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Қажденбек және Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев қатысты. Қала және аудан басшылығы орталықтағы негізгі аймақтарды аралап, жастарға жасалған жағдаймен танысты. Орталықта шығармашылықпен айналысуға, спортпен шұғылдануға, білім алуға

және заманауи контент жасауға арналған бірнеше бағыт қарастырылған.

Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры Азамат Асқардың сөзінше, соңғы үш жылда комьюнити-орталықтар жастар арасында тұрақты сұранысқа ие орындардың біріне айналған.

– Бұл жерде жастар өз идеяларын жүзеге асырып, бір-бірімен тәжірибе бөлісе алады. Әсіресе, жас креаторлар мен блогерлер үшін контент жасауға, команда құруға және жаңа жобаларды бастауға мүмкіндік бар, – деді Азамат Асқар.

Бұл орталықтың негізгі ерекшеліктерінің бірі осы – креатив пен контент жасауға арналған мүмкіндіктердің кеңейтілуі. Сонымен қатар, жастардың шығармашылық бастамаларын қолдау үшін орталықта дыбыс жазу студиясы, компьютерлер және Wi-Fi желісі қарастырылған. Олардың барлығы тегін, қолжетімді. Мұнда тек шығармашылық бағытпен шектелмейді. Жастар жұмысқа орналасу, білім алу мәселелері бойынша кеңес алып, заңгер мен психологтың көмегіне жүгіне алады. Ал 3D басып шығару мен робототехникаға арналған арнайы аймақта келушілер жаңа технологияларды тәжірибе жүзінде көре алады.

Жаңа комьюнити-орталықтың мақсаты – жастардың бас қосатын ғана емес, білімін жетілдіріп, жаңа дүниелер үйреніп, шығармашылық идеясын іске асыратын тұрақты орта қалыптастыру. Алдағы уақытта орталықтың жұмыс режимін 24/7 форматына ауыстыру жоспарланған.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматының халықаралық туристік және мәдени орталық ретіндегі жаңа бейнесі қалыптасты. Бір кездері шаһарды шетелдіктер көбіне тауларымен, табиғатымен және жайлы климатымен таныса, бүгінде қала әлемдік концерттер, халықаралық спорт жарыстары, мәдени фестивальдер мен ірі бизнес-шаралар өтетін заманауи мегаполис ретінде де танылып жатыр.

Кейінгі жылдары әлемге әйгілі музыканттар мен спорт жұлдыздарының Алматыға келуі жиілей түсті. Танымал адамдардың қалаға сапарының артында халықаралық туризмнің дамуы, қалалық инфрақұрылымның жетілуі, жаңа мәдени нарықтың қалыптасуы және Алматының әлем алдындағы имиджінің өзгеруі тұр. Сондықтан бізге «Алматыға кім келді?» дегеннен гөрі, «Әлем жұлдыздары бұл қаланы не үшін таңдайды?» деп сұрағанымыз дұрыс секілді...

Халықаралық сахна

Соңғы екі жылда Алматыда бұрын-соңды болмаған ауқымды халықаралық іс-шаралар өтті. 2025 жылдың 10 тамызында Орталық стадионда әлемге әйгілі әнші Дженифер Лопестің жеке концерті ұйымдастырылды. Шоуға 27 мың көрермен жиналса, олардың шамамен, 7 мыңы 35 мемлекеттен арнайы келген шетелдік қонақтар болды.

Бұл концерт Алматының мәдени өміріндегі маңызды оқиғалардың біріне айналды. Туризм басқармасының мәліметінше, көрермендердің қаладағы қонақүй, мейрамхана, көлік және басқа да қызметтерге жұмсаған қаражатын есептегенде, шарадан түскен экономикалық айналым 10 миллиард теңгеден асқан. Алматыдағы халықаралық концерттер мұнымен шектелген жоқ.

Өткен жылдың қыркүйегінде Қала күніне орай әлемге танымал Backstreet Boys тобының концерті өтті. Қаланың басты алаңына шамамен, 25 мыңнан астам көрермен жиналды.

Арада небәрі 11 күн өткен соң, 30 қыркүйекте Алматы Орталық стадионында футбол жанкүйерлерін жинаған тарихи матч ұйымдастырылды. УЕФА Чемпиондар лигасы аясында «Қайрат» пен «Реал Мадрид» клубтарының кездесуі қала өміріндегі ерекше оқиғаға айналды. Бұл матчқа арнайы келген шетелдік туристердің саны 5 мыңнан асқан. Негізгі туристік ағын Қытай, Ресей, Испания, Жапония, Ұлыбритания, Чехия және басқа елдерден келген қонақтар есебінен қалыптасты. Сол күні Алматы метрополитені де рекордтық көрсеткішке жетіп, бір тәулікте 142 932 жолаушы тасымалдады.

Ал «Реал Мадрид» клубының ресми Instagram парақшасында Алматы туралы жарияланған бейнероликтердің бірнеше күн ішінде 20 миллионнан астам қаралым жинауы қаланың халықаралық аудиторияға шығуының жаңа мүмкіндігін көрсетті.

Тартылыс күші қуатты

Биыл алғаш рет ұйымдастырылған Solana Fest фестивалі 25 мыңнан астам көрермен жинады. Оның қатарында Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Әзербайжан, Грузия және басқа елдерден келген қонақтар болды.

Фестиваль сахнасында Timbaland, Nicole Scherzinger, Keri Hilson, John Newman, Tyga, Busta Rhymes және Flo Rida секілді әлемдік деңгейдегі орындаушылар өнер көрсетті.

Одан кейін 15 тамызда Алматыда YE (Канье Уэст) концерті өтті. Ерекше шоуға 31 мың көрермен жиналып, 50-ден астам елден шамамен, 7700 турист келген. Туризм басқармасының мәліметінше, шетелдік қонақтар қала экономикасына шамамен, 5 миллиард теңге көлемінде кіріс әкелген. Ал 5 қыркүйекте Алматы сахнасында испаниялық танымал әнші Энрике Иглесиас өнер көрсетті.

Осының барлығы бір нәрсені аңғарта-



ӘЛЕМ ЖҰЛДЫЗДАРЫ АҒЫЛҒАН АЛМАТЫ

тындай. Алматы енді тек жергілікті көрерменге арналған мәдени іс-шаралар өтетін қала емес. Ол халықаралық аудиторияны қызықтыратын толыққанды оқиғалар орталығына айналған тартылыс күші қуатты қала.

Табиғаты тартымды

Мұндай ауқымды іс-шараларды ұйымдастыру үшін бірнеше маңызды фактор қатар жұмыс істеуі керек. Біріншісі – көлік қолжетімділігі. Бұл ретте Алматы халықаралық әуежайы қаланың сыртқы әлеммен байланысын қамтамасыз ететін маңызды көлік торабы саналады. Тікелей және транзиттік рейстердің көбеюі шетелдік қонақтардың қалаға жетуін жеңілдетеді.

Екіншісі – қонақүй қоры мен туристік қызмет көрсету сапасы. Мыңдаған адам жиналатын концерт немесе спорттық жарыс үшін тек сахна мен көрермен залы жеткіліксіз. Мұндай кезде қонақтарды орналастыру, тамақтандыру, тасымалдау, қауіпсіздік және бос уақытын ұйымдастыру мәселелері де маңызды. Алматыда бұл бағыттағы қызмет көрсету экожүйесі біртіндеп қалыптасып келеді. Қонақүйлер, мейрамханалар, туристік компаниялар, көлік қызметтері мен қалалық инфрақұрылым бір-бірімен байланысып, халықаралық іс-шараларды қабылдауға бейімделуде.

Үшіншісі – қаланың географиялық және табиғи артықшылығы. Алматының ең басты ерекшелігі – мегаполис пен таудың қатар орналасуы. Бір жағында заманауи қала өмірі, концерт залдары, мейрамханалар мен сауда орындары болса, екінші жағында Іле Алатауының табиғаты тұр. Шетелдік қонақ үшін бұл – тамаша мүмкіндік. Таңертең іскерлік кездесуге қатысып, кешке концерт тамашалап, ке-

лесі күні тауға шығуға болады. Мұндай үйлесім Алматыны басқа ірі қалалардан ерекшелей түседі.

Қауіпсіздік пен логистика

Халықаралық жұлдыздардың концертін немесе ірі спорттық іс-шараны өткізу сырт көзге бір күндік шоу сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ оның артында бірнеше айға созылатын дайындық, ондаған ұйымның жұмысы және мыңдаған адамның еңбегі жатыр. Әлемдік деңгейдегі іс-шара үшін көрермен қауіпсіздігі, көлік қозғалысы, қоғамдық тәртіп, медициналық көмек, қонақтарды орналастыру және ақпараттық сүйемелдеу маңызды рөл атқарады.

Алматының ауқымды іс-шараларды қабылдау тәжірибесі артқан сайын, халықаралық талаптарға бейімделген ұйымдастыру мәдениеті қалыптасты. Әрине, бұл «жұлдыздардың» жайлы келіп-кетуі үшін ғана емес, қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіз әрі қолайлы ортада болуы үшін қажет екені белгілі. Мұндай сәтте қаланың концерттік алаңдары, стадиондары, қоғамдық көлігі мен сервистік қызметтері де жаңа сынақтан өтеді.

Әрбір осындай оқиға қала үшін тәжірибе жинақтаудың бір кезеңіне айналады. Жергілікті мәдени нарыққа да ықпалы зор. Үлкен концерттерді ұйымдастыру тәжірибесі артса техникалық мамандар, дыбыс режиссерлері, жарық қоюшылар, продюсерлер, ұйымдастырушылар мен шығармашылық командалар үшін жаңа мүмкіндік пайда болады. Жергілікті музыканттар мен өнер иелері халықаралық стандарттағы іс-шаралардың қалай өтетінін көріп, тәжірибе жинақтайды. Демек, әлемдік жұлдыздардың келуі қаладағы концерт мәдениетінің дамуына әсер етеді. Көрермендердің талғамы кеңейеді,

жаңа форматтарға сұраныс пайда болады, ал мәдени индустриядағы бәсекелестік артады. Сондықтан халықаралық концертті бір күндік шоу деп емес, жергілікті шығармашылық экожүйенің дамуына серпін беретін фактор деп айтуға әбден болады.

Жаңа кезеңге қадам

«Жұлдыздардың» келуі – қаланың туристік әлеуетінің артып келе жатқанының бір көрінісі ғана. Бұл үдерістің артында әуежайдан бастап қонақүйге дейін, концерт алаңынан қоғамдық көлікке дейінгі тұтас инфрақұрылым тұр. Қауіпсіздік, логистика, қызмет көрсету сапасы және халықаралық коммуникация сияқты факторлар бір-бірін толықтырғанда ғана қала ірі халықаралық іс-шаралардың тұрақты орталығына айнала алады.

Бүгінде қалаға әлем жұлдыздары келеді, халықаралық телеарналар түсірілім жасайды, беделді журналдар Алматы туралы жазады. Ал олардың әрқайсысы қаланың атауын жаңа аудиторияға жеткізеді.

Егер халықаралық концерттер жергілікті мәдени индустрияны дамытса, шетелдік туристер шағын және орта бизнестің жандануына ықпал етсе, ал халықаралық медиадағы жарияланымдар жаңа қонақтарды тартса, онда әрбір ірі іс-шара Алматының болашағына салынған инвестицияға айналады.

Бүгінгі Алматы – тауға жақын орналасқан, музыка, спорт, кино, сән, гастрономия және бизнес тоғысатын, әлемге өзін жаңа қырынан танытып келе жатқан халықаралық мегаполис. Ал әлем жұлдыздарының Алматыға келуі – осы өзгерістің ең жарқын көріністерінің бірі.

Досбол АТАЖАН.
Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ДЕ ҚҰТТЫ МЕКЕН

Алматымызда әлемнің әр түкпірінен келген жандар өмір сүріп, еңбек етіп жүр. Қаланың дамуына олар да бір кісідей тер төгуде. Кейде біз мән бермейтін, байқасақ та, үйреншікті деп қарайтын дүниелер сырттан келген адамға мүлде басқа қырынан ашылады. Қала күніне орай біз осында тұрып жатқан шетелдік тұрғындармен сөйлесіп, олардың Алматы туралы әңгімесін тыңдадық. Ендігі сөз – кейіпкерлерімізде...



Туба МУРАТ,
Түркиядан келген
оқытушы:

Әр көшесінен жылулық еседі

2000 жылғы 1 мамыр. Алматы-ға алғаш келген күнім дәл кешегідей әлі есімде. Алдымен қаланың қай бұрышынан қарасаң да, менмұндалап тұратын таулар назарыма ілінді. Бір жағында қыз-қыз қайнаған қарбалас тіршілік, ал тау беткейіне көз тастасаң, жаныңа жайлы тыныштық әп-сәтте бойыңа ұялайтын. Ол кездегі мен бүгінгі бейнесі жер мен көктей, әрине.

Қала жылдар өте танымастай өзгеріп, қарқынды дамыды. Өзгеріссіз қалған құндылықтары ғана. Алматыда ғұмырымның ерекше кезеңін өткердім, адал достар таптым, отбасыммен бірге бағалы сәттерді бастан кешірдім. Әр көшесінен жылулық еседі. Сүйікті қаламдағы оң өзгерістерге куә болу – мен үшін құнды. Алматыда өмір сүру – ешнәрсемен теңеуге келмейтін сезім. Мұны өзім іштей Алматыдай ғажап шаһар өмірімнің тарауында осыншалық маңызға ие болғаны шығар деп бағамдаймын. Асқақ тауларыңдай айбынды, жасыл бақтарыңдай әсем күйінде мәңгі жайнай бер, сүйікті қалам!



Сайед ТАХА АЛИ,
үндістандық
студент:

Өз елімде жүргендеймін

Үндістанның Мадхья-Прадеш штатындағы Удджайн қаласынан келдім. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Медицина» мамандығының 3-курсында оқимын.

Осыдан 3 жыл бұрын әсем Алматыға алғаш аяқ басып, бұл шаһарды көрген сәттен-ақ бойымды ерекше әсер биледі. Қаланың сұлулығына да, тұрғындарының мейірімділігіне де сүйсініп келемін. Аз уақыттың ішінде бұл өлкенің ғажайып табиғатын жақыннан таныдым. Шымбұлақ пен Көктөбе, Үлкен Алматы көлі мен Сайран – бәрі де саяхаттауға таптырмас орындар. Алматының ауа райы да, атмосферасы да өте жайлы. Алайда, қаланың ең басты байлығы – оның бауырмал халқы. Бұл жерде бізді, үндістандық студенттерді, әрдайым жылы жүзбен, құшақ жая қарсы алады. Тұрғындардан «жақсы» деген қазақша сөзді де үйреніп алдым. Өзімді үйде жүргендей сезінемін. Ең керемет шағым осында өтіп жатқанына бақыттымын. Мерекең құтты болсын, сүйікті Алматы! Жарқырай бер!



Венера САЙПИДИНОВА,
қырғыз қызы:

Абай даңғылы ұнайды

Халықаралық қатынастар саласында қызмет ететіндіктен, Алматыда жұмыс істеу арманым еді. Міне, бірнеше жылдан бер осы әсем қалада тұрып жатырмын. Маған Алматының барлық қыры ұнайды. Махаббат пен жастықтың мекені, бай тарихи әрі жанды шаһар. Мұнда үнемі мәдени іс-шаралар, концерттер мен көрмелер өтіп жатады. Әсіресе, жаяу серуендегенді жақсы көремін. Сол сәтте қаланың қарбалас, тынымсыз ырғағын, тыныш әрі жап-жасыл болмысын анық сезінесің. Алматының ең басты байлығы – оның ашық-жарқын, мейірбан тұрғындары. Сүйікті орындарымның бірі – Абай даңғылы. Осы көшемен жаяу жүріп, қаланың құбылмалы архитектурасы мен көңіл күйін бақылау маған ерекше әсер сыйлайды. Алматылықтардың шаңырағында құт-береке болып, сүйікті қаласымен мақтанар себептері көбейе берсін! Туған күнің құтты болсын, Алматым!



Дамилола ДЖОШУА,
Қ.Сәтбаев университеті
Шет тілдер кафедрасының
оқытушысы:

Шынымен де таңғажайып шаһар

Мен Батыс Африкадан, нақтырақ айтсам, Нигерияданмын. Қазір мұнда жұбайым және екі баламмен тұрып жатырмыз. Алматыға 2022 жылы келдім. Сол сәттен бастап-ақ жергілікті халықтың қонақжайлығын сезіндік. Қазір шаһарда үлкен оң өзгерістер болып жатқанын байқап жүрмін. Жолдар, саябақтар мен гүлзарлар қайта жаңартылып, қала біртіндеп көркейіп келеді. Қай бөлігіне барсаңыз да, көз тартарлық әдемі орындарды кездестіруге болады.

Алматы – шынымен де таңғажайып шаһар. Бұл қалада мені ең қатты таңғалдырғаны – даму қарқыны. Жыл сайын елеулі жаңаруларға куә болып жүрміз. Соңғы жылдары цифрлық және технологиялық салалармен қатар қоғамдық көлік пен қала инфрақұрылымы да қарқынды дамып келеді. Тұрғындардан да көлік жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа жобалардың қолға алынып жатқанын жиі естимін.

Бір сөзбен айтқанда, мұнда даму үдерісі бір сәтке де тоқтаған емес. Алматы – жергілікті тұрғындар үшін де, шетелдіктер үшін де зор мүмкіндіктер сыйлайтын іскерлік орталық. Мұнда еңбек етуге, білім алуға және жаңа ортаға бейімделуге барлық жағдай жасалған. Меніңше, Алматы көптеген адам үшін туған жеріндей ыстық әрі жақын қалаға айналды. Біздің отбасымыз үшін де дәл солай. Осы қалада өткізген әрбір жылымыз қуаныш пен жаңа тәжірибеге толы болды. Алматыны туған күнімен құттықтаймын! Болашағы жарқын болсын!

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

(Суреттер: кейіпкерлердің жеке мұрағатынан).

ОТБАСЫ

12 344 жұп шаңырақ көтерді

Биыл еліміздің барлық өңірінде отбасын құрып, шаңырақ көтеруге деген ұмтылыс жоғары. Дегенмен, неке қию көрсеткіші бойынша ірі қалалар мен халық тығыз орналасқан өңірлер алдыңғы қатарда келеді.

Осы көрсеткіш бойынша Алматы қаласы көш бастап тұр. Қалада 12 344 жұп некесін ресми түрде тіркеген. Екінші орында – Астана қаласы, мұнда 9074 неке қиылған. Ал Түркістан облысында 5611 жұп отбасын құрған.

Неке қию белсенділігі жаз айларында артқаны байқалады. Атап айтқанда, жаз мезгілінде еліміз бойынша 38 мыңнан астам жұп некесін тіркеген. Маусым айы неке қию көрсеткіші бойынша ең жоғары нәтижеге ие болды. Қазақстанда жыл сайын қыркүйек айының екінші жексенбісінде Отбасы күні атап өтіледі. Бұл күн отбасы құндылықтарын дәріптеуге, жанұядағы өзара түсіністік пен қолдаудың маңызын насихаттауға бағытталған.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиевтің айтуынша, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап АХАТ функциялары Мемлекеттік корпорацияға берілген. Содан бері елімізде шамамен, 400 мың неке тіркеліп, 1 миллионнан астам туу туралы куәлік берілген.

ӨНЕГЕ

Қала күні аясында Алматы қаласы Оқушылар сарайының классикалық музыка мектебінде «Сүйемін сені, Алматы!» атты танымдық кездесу өтті.

Өнердің орны бөлек

Іс-шара барысында оқушылар музыка тыңдап қана қоймай, отбасы ұғымы, жақын жандардың өмірдегі орны, ұрпақтар сабақтастығы мен отбасылық құндылықтар туралы өз ойларын ортаға салды. Кездесудің негізгі ерекшелігі балалардың өмірлік тәжірибесі мен естеліктері негізінде талқылауы болды. Сондай-ақ, олар отбасында болған қызықты әрі маңызды оқиғаларды еске алып, өздеріне ерекше жақын жандар туралы айтып берді. Өздерінің сүйікті қаласы Алматыға деген сүйіспеншіліктерін аса құрметпен жеткізіп отырды.

Классикалық музыка мектебінде өткен кездесу құндылықтарды балалардың өз сөзімен талқылауға мүмкіндік берді. Оқушылар өз отбасылары туралы айта отырып, бір-бірінің әңгімесін тыңдап, отбасы мүшелерінің әрқайсысының өмірдегі орны туралы ой бөлісті.

Классикалық музыка мектебіндегі өткен бұл іс-шараның тағы бір маңызды қыры өнер мен тәрбиенің өзара байланысы. Мәселен, музыкамен айналысатын балалар үшін отбасы қолдауының маңызы ерекше. Баланың өнерге деген қызығушылығы оның жеке еңбегімен қатар, ата-анасының, ата-әжесінің және жақындарының қолдауымен де қалыптасады. Сондықтан отбасы туралы ашық әңгіме шығармашылық ортада тәрбиеленіп жүрген балалар үшін маңызды тақырыптардың бірі.

Мұндай кездесулердің тәрбиелік мәні де осында екені анық. Бала өз отбасы туралы әңгімелей отырып, басқа оқушылардың әңгімесін тыңдау арқылы әр отбасының өзіндік дәстүрі мен ерекшелігі бар екенін түсінеді.

КИНОКЕҢІСТІК

«Арман» кинотеатрында тағы бір туындының премьерасы өтті. «Елші қыз» деп аталатын драмалық көркем фильмнің режиссері – Еркін РАҚЫШЕВ.

Басты рөлдерде – Шахризада Серікова, Гүлшат Тұтова, Бексултан Ергалиев, Наргиза Арипова және Алихан Нұржауов.

Кинокартина оқиғасының басы Өзбекстан елінде өрбиді. Бас кейіпкер Азиза оқушы күнінде, спорт үйірмесіне барып жүрген кезінде өзінің Қазақстаннан асырап алынған перзент екенін кездейсоқ біледі. Баққан ата-анасы да оған мән-жайды жасырмай баяндап береді. Сол сәттен бастап қыздың жүрегіне туған шешемді тапсам ғой деген арман-мақсаты орнығады.

Азизаның биологиялық анасына деген сағынышы жылдар бойы іште, жұдырықтай жүрегінің түбінде құндақтаулы жатты. Кәмелет жасына жеткен соң, жолға жиналып, асырап алған ата-анасының батасымен Қазақстанға ұшады.

«Елші қыз» – ана мен бала арасындағы үзілмес байланысты, туған жерге деген тартылысты және адамның өз тамырын іздеуге деген ұмтылысын көрсететін туынды.

«Фильмнен жақсы әсер алдым. Басты



«ЕЛШІ ҚЫЗ»

рөлдегі Азизаның әр қимылы, өз-өзін ұстауы тәнті етті мені. Бойынан әдеп-иба бірден сезіліп тұр. Осы рөлге дұрыс таңдалған бала екен. Экран сыртында отырған біз де оның жан-дүниесін ұғындық десем, артық айтқандығым емес. Киноның бастан-аяқ қазақша берілгені де қатты ұнады», – деді фильм туралы ойын бөлесінен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Асылы Осман.

Азизаның асырап алған анасының рөлін ойнаған өзбекстандық актриса Наргиз Арипова да сөз сөйлеп, қазақ жеріне келіп, картинаның премьерасына

қатысып отырғанына қуанышты екенін жеткізді. Сондай-ақ, фильмнің режиссері, продюсері және бүкіл түсірілім тобы мейірімділік, махаббат, ата-анаға деген құрмет деген құндылықтарды көрерменге жеткізу үшін бар күшін салғанын атап өтті.

«Ана үшін өзгенің баласы деген ұғым болмайды. Меніңше, бұл фильмнің басты мәні де осында. Фильмдегі бір көрініс мен үшін ерекше қымбат. Бір эпизодта кішкентай Азизаның қасыма келіп, тіземе басын қойып жылайтын сәті бар. Баланың сол сәттегі көз жасы шынайы еді. Екеуімізге қосылып режиссер Еркін Рақы-

шевтің де егіліп тұрғанын байқап қалдым. Мен қанша картинаға түсіп жүріп, осылай толқыған режиссерді көрмеген екенмін. Бұл фильм жүректерге жақсы із қалдырса екен деп тілеймін», – деді актриса Наргиз Арипова.

Ал «Фильм неге «Елші қыз» аталған? Елшілікке қандай қатысы бар?», «Азиза туған анасын тапты ма? Сәбиін балалар үйіне тастап кеткен әйел кім болды екен?» деген секілді сауалдар қызықтырса, әлеуметтік драманы көруге шақырамыз.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



АЛМАТЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНДА

«АЛТЫ ЖАСАР АЛПАМЫС»

Алматы Мемлекеттік академиялық қуыршақ театры 91-ші маусымының шымылдығын «Алты жасар Алпамыс» қойылымымен ашты. Бұл – Абдолла Қарсақбаевтың әйгілі көркем фильмі желісімен сахналанған, алғаш рет қуыршақ бейнесінде ұсынылып отырған тың туынды.

Спектакль режиссері Шоқан Күлназаров осынау классикалық туындының қуыршақ театрының тарихында қалдырғысы келгенін жеткізді.

Иә, «Алты жасар Алпамыстың» биік мұраты бұл жолы қуыршақ театрының шап-шағын сахнасына да сыйып кетті. Сөйтіп, бала қиялының шексіз әлеміне жол тартты. Бұл – халықтық мұраны баланың қабылдауына жақын көркем тілмен сөйлеткен, қуыршақ өнерінің мүмкіндігін кеңінен танытатын сахналық туынды. Мұнда берекесі ұйыған қазақы ауылдың болмысы да, ондағы үлкен-кішінің қоңырқай тіршілігі де, кішкентай баланың арманшыл әлемі де, тіпті дала төсінде түтінін будақтатып кетіп бара жатқан трактор да

қуыршақ театрының шартты формасы арқылы жаңаша сипат алады.

«Бұл фильмді бала кезімде бірнеше мәрте көргенмін. Алпамыстың үлкендердің «сен әлі өскен жоқсың, жасың толған жоқ мектепке» дегеніне қарамастан, алға ұмтыла түсетін табандылығы, білімге құштарлығы, мектеп партасына отыруға асығуы кішкентай Шоқанға әсер еткен болатын сол кезде. Бүгінгі балалар да дәл сондай шабыт алса, мақсатшыл болса деген ойдан туған шығарма еді. Шыны керек, қазіргі интернет заманының балаларын ұстап отыру оңай емес. Бірақ біз Алпамыстың оларды баурап алатынына сенеміз», – дейді режиссер Шоқан Күлназаров.

Қойылымдағы әр қуыршақ сыртқы пішінімен ғана емес, қозғалысымен, мінезімен де назар аудартады. Әсіресе, жас Алпамыстың бейнесінде балалық аңғалдық пен болашақ білімпаз азаматтың қайсарлығы қатар өріледі. Осы балалық болмыстың арғы жағынан болашаққа бастайтын ішкі қуат байқалады. Оның айналасындағы Мұнар атасы мен Қалихан досы секілді басты кейіпкерлер де қуыршақ театрының өзіндік эстетикасымен сәтті сомдалған. Бейнелердің бет әл-

петі, киім үлгісі, түс үйлесімі олардың мінезін сыртқы сөзсіз-ақ аңғартып тұрады. Бұл – қуыршақ театрының басты сиқыры. Актер қуыршақты жәй ғана жүргізбейді, оған жан бітіреді.

«Алты жасар Алпамыс» спектаклінде Толқын Тілеулиева, Гүлім Рахимова, Рауан Укарова, Эльмира Құмарова, Мейірхан Батырханов, Ханшайым Серікова, Ұлан Адамбаев және Бота Табылдиева өнер көрсетті.

Иә, әр қуыршақ-кейіпкердің артында осындай сан өнер адамы тұр. Алматы Мемлекеттік академиялық қуыршақ театрының 91-ші маусымының ашылу салтанатында бірқатар театр актеріне, режиссерлерге, ардагерлерге, театртанушыларға және қуыршақ жасаушы шеберлер, тігіншілер, суретшілер және техникалық қызметкерлерге де құрмет көрсетіліп, мерейтойлық төсбелгілер табысталды. Марапаттау рәсіміне Қазақстанның халық артисі Тұңғышбай Жаманқұлов, театр директоры Алмат Амангелді және көркемдік жетекші Кубанычбек Адылов қатысты.

Нұржамал ӘЛІШ.
Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕРЕЙТОЙ

Ғасырмен құрдас әжей

Жетісу ауданының тұрғыны Мария Ивановна Соболеваның бар өмірі еңбекпен өткен жан. Өзінің айтуы бойынша, ол екі дәуірдің куәсі. Кезінде Кеңестік заманның ыстығы мен суығын көрді. Балалық шағын сұм соғыс ұрлап, қалай ержетіп, бойжеткенін өзі де байқамай қалыпты. Адал еңбекпен абырой биігінен көрінген жанның жастарға айтары да мол. Оның бар тілегі жер бетінде тыныштық болып, адамдар тату-тәтті бейбіт өмір сүрсе дейді.



100-ге толған әжейді Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы мен аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Шәкірова арнайы құттықтай келді. «Жүріп өткен жолыңыз бен өнегелі өміріңіз үшін алғыс айтамыз. Сіз жастарға ғана емес, біз үшін де үлкен мектепсіз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз», – деген Тамара Мұхтарханқызы әжейдің құшағын гүлге толтырды.

Рая ЕСКЕНДІР.

КӨГАЛДАНДЫРУ

Қала күніне тарту

Алматыда Қала күніне орай 32 түрлі 1,5 мыңға жуық жаңа өсімдік егіледі. Қалаға биіктігі 3,5 метрге дейін жететін ірі ағаштар, сәндік пішін берілген қылқанжапырақты ағаштар, діңі қалыптастырылған өсімдіктер, бұталар мен гүлдейтін көпжылдық өсімдіктер жеткізілді.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының өкілдерінің хабарлауынша, олардың арасында бұтақтары бірнеше деңгейлі ағаштар бар. Кейбіріне бақ бонсайы стилінде сәндік пішін берілген.

Қалаға арналған өсімдіктердің түрлері қытайлық мамандармен бірлесіп іріктелді. Өсімдіктерді таңдаудан бұрын қаланың климаттық ерекшеліктері, температураның ауытқуы және қыстап шығу жағдайлары зерттелді. Соның нәтижесінде жергілікті климатқа бейімделу мүмкіндігі ескеріліп, қолайлы өсімдік түрлері мен сұрыптары таңдалды. Жақында жаңа өсімдіктерді қала аумағына отырғызу жұмыстары басталады.

Дана САДЫРҚАН.



Алғырлар алда келеді

Бостандық ауданындағы №146 мектеп-лицейінде Қала күніне орай оқушылар арасында «Ақыл. Батыл» мобильді интеллектуалдық ойыны өтті.

Аудан әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған додаға білімді де алғыр оқушылар қатысты. Сайыс барысында қатысушылар екі кезең бойынша бақ сынасты. Олар Алматы қаласы мен Бостандық ауданының тарихи-мәдени орындарына қатысты сауалдарға жауап беріп, білімдері мен зеректіктерін сынға салды.

Ойынның авторы, ІТ маманы Айболат Құлатайдың айтуынша, отандық қазақтілді интеллектуалдық ойын әзірлеу идеясы бірнеше жыл бұрын пайда болған.

– Өзім ІТ маманымын. Кезінде «XXI ғасыр көшбасшысы» секілді отандық және шетелдік интеллектуалдық ойындарға қатысып жүргенде: «Шіркін-ай, өзіміздің де ұлттық ойын өніміміз болса ғой» деген ой келетін. Осы ізденістердің нәтижесінде 2022 жылы «Ақыл. Батыл» интеллектуалдық мобильді ойыны дүниеге келді. Ойынның авторымын. Бүгінде оны 800 мыңға жуық қазақтілді қолданушы жүктеп алып, ойын 50 миллион рет ойналған. Турнир барысында қойылатын сауалдар күрделі болуы мүмкін, – дейді Айболат Құлатай.

«Ақыл. Батыл» ойыны оқушылардың білімін жетілдіріп қана қоймай, туған өлкенің тарихы мен мәдениетін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Дода жеңімпаздарының есімдері Қала күні мерекесінде белгілі болып, үздіктер бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Рая ЕСКЕНДІР.

Құрметті аудан тұрғындары!

2026 жылы 22 қыркүйекте сағат 9.00-ден 11.00-ге дейін Алматы қаласы, М.Масаншы көшесі, 70 мекенжайындағы «Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназиясы» КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Н.Шамшиннің халықпен кездесуі өтеді.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, прокуратура, полиция қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың толғандырған өзекті мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Telegram – almalyaudany, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 279-38-93, 338-55-71 телефондары арқылы жүргізіледі.

2026 жыл – адам мен жасанды интеллект арасындағы тиімді серіктестік жылы

Еліміз үшін 2026 жыл жасанды интеллектінің қарыштап дамып, қоғам өміріне етене еніп жатқан кезеңі. Бүгінде озық технологиялар мемлекеттің аса маңызды салаларында тиімді қолданылып жатыр. Солардың қатарында мемлекеттік басқару, білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс және қызмет көрсету салалары бар. Жасанды интеллект еңбек өнімділігін арттыруға, шешім қабылдау сапасын жақсартуға және жалпы цифрлық трансформацияны жеделдетуге жағымды ықпал етуде.

Көпшілік «жасанды интеллект адамның орнын алмастырады» деп сескенеді. Дегенмен, бұл – орынсыз қорқыныш. Себебі, жұмыстың оңтайлы нәтижелілігі үшін жасанды интеллект пен адам арасындағы серіктестік маңызды. Қорыта айтқанда, адамның сыни ойлауы, жауапкершілігі және этикалық ұстанымдары жасанды интеллекттің мүмкіндіктерімен ұштасуы қоғамның тұрақты дамуына жаңа серпін береді.

Цифрлық көмекшілердің қоғамға дендеп енуіне байланысты бүгінде цифрлық сауаттылықты арттыру аса маңызды. Бұл үрдіс жаңа технологияларды тиімді пайдаланып, инновациялық шешімдерді күнделікті қызметке енгізуге көмектеседі. Адам мен жасанды интеллекттің бірлескен әріптестігі бүтіндей елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, инновациялық дамуына және цифрлық болашағын қалыптастыруға берік негіз қалайды.

Г.Б.БЕКОВА,
Алматы қаласы бойынша
Мемлекеттік қазынашылық департаменті
Қазынашылық жүйесін технологиялық сүйемелдеу бөлімінің
Бас маманы.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96–бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 27 қазанда, сағат 11.00–де Алматы қ., 7–көше, 130–үй мекенжайындағы «АлЭС» АҚ 2–ЖЭО аумағындағы химиялық цехтың акт залында (307–каб.) «АлЭС» АҚ 2–ЖЭО өндірістік департаменті үшін Әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алу мақсатында әзірленген құжаттардың жобаларын (ЖБШН, ЖБТН, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) талқылау бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен ҚР Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=26476> сілтемелері арқылы танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары - 43,2389 с.е., 76.8490 ш.б., ал әсер ету аумағының географиялық координаттары Алатау ауданы - 43.3004 с.е., 76.8353 ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, ҚР Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде, сондай-ақ келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 338-31-88, электрондық пошта: upirp@mail.ru. Веб-сайтқа сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco?lang=ru>

Төтенше жағдай режимі енгізілген және (немесе) шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн форматта өткізіледі.

Белсенді сілтеме ҚР Қоршаған орта және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінде және Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында орналастырылады.

Онлайн қосылу сілтемесі:
<https://us05web.zoom.us/j/86708996358?pwd=rdJDbMEJpVgtz7p0Uxwxo9DafYgXr1>
Конференция идентификаторы: 867 0899 6358
Рұқсат коды: HkNZs6
Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

Әзірлеушінің деректемелері: «Экология және цифрлық технологиялар ғылыми зерттеу институты» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қ., Төле би көшесі, 202 А, 103-кеңсе, БСН 230340038391, байланыстағы тұлға: Абдиракманов Мұрат, e-mail: niiect.kz@gmail.com, 8 705 811 36 68.

Қосымша ақпаратты келесі байланыс деректері арқылы алуға болады: zarzyukova@ales.kz, тел.: 8 (727) 2540-327, 2540-473.

«Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Экологиялық код-көшінің 87-бабының 4-тармағына және «Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 3 тамыздағы №286 бұйрығының 4-тарауына сәйкес, Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесінде «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағын кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемесі» жобасы бойынша (Алматы қаласы Бостандық ауданы) жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар 2026 жылғы 30 қыркүйектен бастап 20 жұмыс күні бойы Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің порталында келесі мекенжай бойынша өткізіледі: <https://ndbecology.gov.kz/>.»
Ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген мерзім ішінде <https://ndbecology.gov.kz/> порталы арқылы.

Бастамашы: «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Сүртібаев көшесі, 1/1, БСН 960540000718, тел.: 8 (7272) 297-07-72, e-mail: alataupark@mail.ru.

Жобалаушы: «Терра» «Қашықтықтан зондтау және ГАЗ орталығы» ЖШС, тел.: +7 (727) 236-08-74, 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Көктөбе» шағынауданы, Роза Бағланова көшесі, 83-үй, БСН 990240008036, e-mail: info@gis-terra.kz.

Жоба Ұлттық деректер банкінің порталында және жергілікті атқарушы органның ресми сайтында орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-eco/press/article/1?activities=26476> («Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде).



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор –
Есхат БОЖАН

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика
бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым
және кері байланыс бөлімінің
редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**
«Қазпошта» АҚ Алматы
почтамтына:

8 777 078 53 48,
8 747 204 19 70 (WhatsApp)
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Ааяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ КЗ51ҰРУ00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» әуе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.

